

ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

СЕҢ ҚОЗҒАЛДЫ



Жер-дүниені дүрліктірген, кейде көзіңді бақырайтып қойып, ақты қара, қараны ақ етіп көрсеткісі келетін әлеуметтік желінің қызметін заң шеңберінде реттеуге нақты қадам жасалды. Заңға толықтырулар енгізбекші. Парламент Мәжілісі аталған құжатқа түзетулерді алғашқы оқылымда мақұлдады. Егер осы заң күшіне өнсе, әлеуметтік медиа біздің өлімізде де өзіне міндеттеме алып, өркениет өрісінде өрекет етуі тиіс.

Заң жобасын ұсынған Мәжіліс депутаты Айдос Сарым құжат туралы өз пікірін былай білдірді: «Бірінші кезекте мына мәселеге назар аударғым келеді: біз әлеуметтік желілерді «жабу» үшін емес, балалар құқығын қорғау үшін түзету енгіздік! Өте көлемді заң жобасында әлеуметтік желілерге шағын ғана орын бөлінген. Онда басқа да көптеген жаңашылдық бар. Мысалы, депутаттар алғаш рет буллинг, кибербуллингтің не екеніне түсініктеме бергелі отыр. Өкінішке қарай, біздің заңнама цифрлық дәуірмен ере келген қауіп-қатерлерге, өзгерістерге дер кезінде үн ката алмауда».

Дегенмен қайсыбір хабар-ошар құралдары мен әлеуметтік желі арқылы қалтасын кампайтып жүргендер осы әлеуметтік медиа «бұғатталатын болды» деп байбалам салып жатқан жайы бар. Сауатты саясаттанушы-депутатымыз журналистермен тілдескенде олардың бұл күдігін дәйекті дәлел-дерекпен жоққа шығарды. Оның айтуынша, жерлестерімізге Twitter, Facebook,

Youtube және басқа техноалпауыттардың тағдырына уайымдаудың қажеті жоқ. Өйткені олар жарнама мен көрілімнен миллиардтаған доллар табыс тауып отыр. Ал олардың иелері Forbes пен Fortune журналдарының рейтингінде тізімнің бас жағында тұр. Осы қыруар табыстың шағын болса да, бір бөлігі Қазақстандағы желіні пайдаланушылардан түседі. Бұл жерде біздегі базбір желі қолданушылардың кейбір брендтердің жарнамасын жасайтыны немесе тапсырыспен материал жазып, миллиондаған пайда тауып жатқаны жасырын емес. Әлгі алпауыттар да, қоғам белсендісіне айналған блогер мен әншілеріміз, де осынау қыруар табыстан салық төлемейтіні, қазынаға көк тиын түспейтіні әмбеге аян. Қалтасының қағылатынын, қолындағы бопсалаушы құралының қауқары азиятынын білді ме екен, кім білсін, бұлардың кейбір заң жобасын дайындағандарға кіжініп жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)

Аңдамай сөйлесең...

ДҰРЫСЫ МЕН БҰРЫСЫ



Халық ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің «Айшылық алыс жерлерден, Көзіңді ашып – жұмғанша, Жылдам хабар алғызды» деп келетін өлеңін білесіз ғой. Ғаламтордағы әлеуметтік желіңіз, нағыз жылдам хабар алғызатын арнаңыз қазір. Қиян шеттегі Шетпеде шағырдың ұшына шегіртке қонақтағаны туралы ақпарды әлеуметтік желіге артып жіберсеңіз, алты секунд ішінде әлем естиді. Міне, ғаламтордың қуаты. «Бөлен жерде бақыр бар» деп қауесеттің қоламын қопсытатындардың таптырмас құралы қазір – әлеуметтік желі. Өкінішке қарай, өзінің жеке бас пайдасын ойлап, мүддесін көздейтіндер көпті адастырудың тамаша тәсілін тауып алды.

«Аңқау елге арамза молда» болғысы келетіндер «бөлен деген компанияның 100 жылдығына орай батпанқұйрық берелі, осы ақпаратты он адамға таратсаң», не болмаса «осы сөздерді ішіңнен жеті рет қайталап оқып, жеті адамға тарат, сосын көзіңді жұмып-ашсаң, ақшаға көмілесің» дегендей «аффирмация» айтады. Соған сенетіндердің қатары көбеймесе, азаяр емес.

(Жалғасы 2-бетте)

ДАУДЫҢ БАСЫ

Қоғамда кең ауқымда талқыланып жатқан жайт – Назым Қызайбай мен Ангелина Лукас арасындағы кәдімгі жекпе-жек емес, ақпараттық айқас. Екі тараптың да сөзін сөйлеп, жалының жығылмауына себепкер болушы екі жақ та өз дәлел-дәйектерін ұсынып-ақ жатыр.

Дау неден тұтанды? Қазақстан чемпионы, әлем кубогының иегері Ангелина Лукастың Президент Қ.Тоқаевқа жазған мәлімдемесінен кейін лап ете түсті. Ангелинаның айтқан уәжіне сүйенсек, «ұлттық құрама сапында оған Назым Қызайбай күн көрсетпейді екен, тіпті екі дүркін әлем чемпионатының кесірінен құрамдан да шеттетіліпті».

Әрине, мұндай тартыста әркім өз көрпесімен қымтануды көздейді. Бокс федерациясындағы жауапты тұлғалардың да айтар уәжі бар. Мәселен, федерацияның атқарушы директоры Марат Мыктыбеков Токио Олимпиадасының алдында лицензиялық турнирге 51 келі салмақта әлемнің екі дүркін жеңімпазы, елімізде әйелдер арасынан шыққан

СЫЗДАУЫҚ



алғашқы әлем чемпионы Назым Қызайбай емес, Ангелина Лукас барғанын айтады. Олимпиаданың жолдамасын олжалай алмаған Ангелинаның «құрамдан мені негізсіз шеттетті» дегені де, Назым Қызайбайдың бөлмесінің алдына түз ба, шекер ме, әлде химиялық ұнтақ па, әйтеуір ұсақ затты сеуіп кеткенін де арнайы құрылған комиссия мүшелері анықтайды. Даулы мәселеге қатысты тоқтам айту – солардың еншісінде.

Айтпағымыз, қазір базбіреулер жоқ нәрсені бықсытып, арандатудың аранына айдап салуға бейім отыр. «Ангелина Лукасқа қысым көрсетіп жатыр» дегендер де байрағын беліне байлап ақпарат айқасына кірді. Түттеп келгенде, Лукастың ұлттық құрамдан не себепті шеттетілгенін, болмаса Назымның қысым көрсеткені рас па, жоқ «жақтым күйе, жаптым жала ма», оны комиссия қорытындысынан кейін білерміз.

Қазақ еліне екі боксшының да шыққан биігі, жеткен жетістігі ыстық. Назым Қызайбай, тағы қайталап айтамыз, Қазақ елінің бокс тарихында әлем чемпионы атанған тұңғыш қыз. Осы биігіне екі рет көтерілген санлақ. Қалай құрметтесең де, төбене көтерсең де жарасады. Ангелина Лукас та талантты боксшы.

Жалпы Назым Қызайбай мен Ангелина Лукас арасындағы тартыс бір емес, бірнеше мәрте өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде Қарағанды қаласында өтетін Ғалым Жарылғаповты еске алуға арналған халықаралық турнирде Назым Қызайбай қола медаль алды, Ангелина Лукас турнир чемпионы атанды. Одан кейін Лукас халықаралық турнирлерде жеңіске жетіп, Азия құрлығы бойынша Олимпиада лицензиясы таратылатын турнирге қатысып, жолдама иелене алған жоқ. Одан кейінгі лицензиялық турнир осы жылдың мамыр айында Парижде өтеді деген. Оған былтыр ел чемпионатында жеңісті сериясын жалғаған Назым Қызайбай баруы тиіс еді. Иә, талассыз Қызайбайдың қызы Парижде барады деп шешілді. Өйткені 2020 жылы өткен Қазақстан чемпионатының финалында Назым Ангелинаны ұтты. Бірақ Франциядағы жолдама үлестіретін турнир пандемияның кесірінен болмай, боксшы қыздардың бағын байлады.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚҰРЫҚ

ЖАЛҒАН ПТР ТЕСТ ЖАСАҒАҒАНДАРДЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Еліміздің солтүстік өңіріндегі Петропавл қаласында жалған құжат жасайтындардың жолы кесілді. Бұл туралы ҰҚК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мәлімдеді.

Күдікті азаматтар тұрғын үй пәтердің бірінде жалған құжаттар (форма №026 амбулаториялық-емханалық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындылары, шетел медициналық ұйымдарынан емделуге шақыру хаттар, ПТР-тестілер) жасаған.

Жүргізілген тінту барысында қазақстандық және ресейлік медициналық ұйымдардың мөрлері, облыстың клиникалық-диагностикалық зертханасы мен емханасының ПТР-тестілерінің қорытындылары табылды.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
75,47

DOLLAR
425,5

EURO
503

РУБЛЬ
5,85



ҮКІМЕТ

Жаздың ыстығы басылып, алғашқы салқынын алып күз де жетіп келді. Айналасы бір айдың ішінде, солтүстік жақтарда тіпті одан да ертерек жылу маусымы басталайын деп тұр. Бүкіл ел бойынша оған дайынбыз ба?

Премьер-Министр Асқар Мәминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында өңірлердің күзгі-қысқы кезеңге дайындығы қаралды.

жабдықтау желілері (99%) жөнделді. Жылу маусымына 11,1 мыңнан астам (99%) білім беру нысандары және 5,7 мың (99%) денсаулық сақтау нысандары дайындалды. Тұтынушылардың коммуналдық қызметтер үшін берешегі 14,4 млрд теңгені құрайды. Ең көп дебиторлық берешек Алматыда — 2,88 млрд теңге. Нұр-Сұлтан қаласында — 2,56 млрд теңге, Шымкенте — 2,47 млрд теңге және Қызылорда облысында — 1,55 млрд теңге. «Жалпы өңірлердің әкімдіктері тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, білім беру, әлеуметтік сала объектілері мен жылу энергиясы көздерін жылыту маусымына дайындау бойынша жұмыс жүргізді. Өңірлерде жылу маусымы жоспар бойынша басталады», — деді А.Мәмин.

салыстырғанда 98,5 пайызды құрайды. «Барлық өңірде жеткілікті мөлшерде көмір қоры жинақталған, дүрлігу мен тапшылық болмайды. Теміржол көлігі паркі көмірді толық көлемде тасымалдауды қамтамасыз етеді», — деп сендірлі Б. Атамқұлов. Әкімдіктердің деректері негізінде министрлік 2021-2022 жылдар кезеңіне арналған коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер мен тұрғындар үшін көмір өнімдерінің қажеттілік жоспарын қалыптастырған көрінеді. Осы жоспарға сәйкес, тұтыну көлемі шамамен 9,2 млн тоннаны құрайды. Оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық секторға — 2,8 млн тонна, халыққа — 6,4 млн тонна. Министр көмір бағасы нарықтық қатынастарда қалыптасатынын және мемлекет тарапынан реттелмейтінін айтты. Әкімдіктердің

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?



ЖЫЛУ УАҚЫТЫНДА БЕРІЛЕДІ

1 қыркүйекте аймақтар жылу маусымына 100 пайыз дайын болуы тиіс еді. Дайындық жұмыстарына 3 млрд теңге бөлінген. Белгілі болғаны — елдегі бірнеше аймақ алдағы жылу маусымына жүз пайыз дайын емес. Индустрия және инфрақұрылымды даму министрі Бейбіт Атамқұловтың айтуынша, кей өңірде тұрғын үйлерді жылу маусымына дайындап үлгермеген. Шығыс Қазақстан облысында жоспар 86 пайызға, Елордала 86 пайызға, Алматы облысында 90 пайызға, ал Павлодар облысында 91 пайызға орындалған. Дегенмен министрдің айтуынша, жылу температура кестесі бойынша беріледі.

Өңірлерде 10 мыңнан астам автономды қазандық (99%), 45,6 мыңнан астам тұрғын үй (94%) дайындалды. 3,8 мың км жылу желілері (96%), 13,6 мың шақырым сумен

Үкімет басшысы әкімдіктерге инженерлік желілерде, білім беру, денсаулық сақтау объектілері мен үйлерде жоспарланған жөндеу жұмыстарының бәрін белгіленген мерзімде аяқтауды, аса қысқа мерзімде жылу маусымын өткізуге әзірлік паспорттарын алуды қамтамасыз етуді жүктеді.

КӨМІР ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Премьер-Министр барлық автономды жылу көздерін отынның нормативтік қорымен қамтамасыз етуді, көмір тапшылығына жол бермеу үшін өңірлерде көмір жеткізушілермен белсенді өзара іс-қимыл жасасуды және коммуналдық-тұрмыстық қажеттілік үшін әрі тұрғындарға отын жеткізуге ұдайы мониторинг жүргізуді тапсырды. Көмір өндіруші компаниялардың дерегінше, 2021 жылғы қантар-тамызда шамамен 68 млн тонна көмір өндірілді. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен

ақпараты бойынша, аймақтарда көмірдің құны тоннасына 5 мың теңгеден 19 мың теңгеге дейін өзгереді. Бұл ең алдымен көмірдің маркасына, өндіру шығындары мен жеткізу қашықтығына байланысты. «Мемлекет басшысының Жолдауын орындау мақсатында тауар биржаларының қызметін реттеуді жетілдіру бойынша шаралар қабылданды. Бүгінгі күні биржалық комитеттің хаттамасымен коммуналдық-тұрмыстық көмірді тауар биржалары арқылы өткізу бойынша секциялық қағидалар бекітілді», — деді Б.Атамқұлов. Министрлік өңірлік операторларға қойылатын талаптар бөлігінде ұсынымдар әзірледі. Осы ұсынымдар негізінде әкімдіктер өңірлік операторларды анықтады, олар қазіргі уақытта сауда-саттыққа делдалдарсыз тікелей қатысады және көмірді соңғы тұтынушыға, яғни халыққа сатады.

Талап ТІЛЕГЕН

Бағдат МУСИН,
цифрлық даму,
инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі:

«Халық арасында таралып жатқан қауесет EGOV біреуге беріледі және оған қыруар қаражат құйылып жатыр дейді. EGOV-ты ешкімге бермейміз, ол – қазақстандық өнім. Көп адам EGOV-ты бір терезе ретінде ғана түсінеді, бірақ оның қалай жұмыс істеп тұрғанын ешкім білмейді. Оның артында қазір 400 жүйе жұмыс істеп тұр. Оның 50 шақтысы денсаулық сақтау министрлігіне және 40 шақтысы қаржы министрлігіне бағынышты. Солай тиісті органдар бойынша көте береді. Ендігі біздің мақсат – осыған дейін айтылған 400 жүйенің орнына бір ғана платформа құру. Ол біз үшін жаңа деңгейге көтеріліп, заманауи жүйеге ету үшін қажет. Белгілі бір мемлекеттік қызметтің жүйесін ауыстыру үшін 1 айдан 6 айға дейін уақыт кетеді. Дегенмен қазір заман басқа, сәйкесінше, талап та басқаша. Осы орайда заманауи компаниялар айлап емес, бір немесе екі аптаның ішінде жүйені жаңаға ауыстыруға дайын».

Мақсат РАМАНҚҰЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Қазақстанның Ресей Сбербанкімен цифрлық үкімет платформасын құру туралы келісімі қоғамда үлкен дау тудырды. Баспасөзде жарияланған Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің түсіндірмелері жұртшылықты қанағаттандырмайды, керісінше, одан да көп сауал туындатады. Оның себебі – серверлерді Қазақстанда орналастыруда ғана емес, оларда сақталатын ақпаратқа бөтен тұлғалардың қолжетімділігін шектеудің технологиялық мүмкіндігі бар ма деген мәселе. ХХІ ақпарат ғасырында IT қауіпсіздігі – ел тәуелсіздігінің маңызды факторы деп санаймыз».

Аптаның ұсынысы



«ЕЛІМІЗДЕ 1 827 ТҰРҒИ ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВИ ТІРКЕЛГЕН. БҮГІНДЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРҒАНДАРЫ ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН ҚҰРУ ФАКТИЛЕРІ БОЙЫНША КӨПТЕГЕН ІС ТЕРГЕУДЕ. ОНЫҢ ІШІНДЕ РЕСПУБЛИКА «НОВЫЙ ДОМ 2017», «СВОЙ ДОМ», «БЕСТ ВЕЙ-НЕДВИЖИМОСТЬ», «ШАҢЫРАҚ КТҚ», «ОТАН СТРОЙ» СИЯҚТЫ ӨНДІРІСТІК КООПЕРАТИВТЕР ЕРЕКШЕ НАЗАРДА. ОЛАРДЫҢ КЕЛТІРГЕН ЗАЛААЛЫ 200 МЛН ТЕҢГЕДЕН АСАДЫ. ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІН ҚҰРУ ОҢАЙ, БІРАҚ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗ АҚШАСЫН ЖОҒАЛТЫП АЛУЫ СЕКІЛДІ САЛДАР ӘЛІ ДЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ПРОБЛЕМАСЫНА АЙНАЛЫП ОТЫР. АЛДАНҒАН ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫМШЫЛАРЫ САНЫНЫҢ ӨСУІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ МАҚСАТЫНДА ҮКІМЕТКЕ МЫНАДАЙ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУДЫ ҰСЫНАМЫЗ: ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВТЕРІН ТИІСІНШЕ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕГЛАМЕНТЕУҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАРДЫҢ ҮЙЛЕСТІРУШІСІН АЙҚЫНДАП БЕРУ; ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВТЕРІ АРҚЫЛЫ БАСПАНА САТЫП АЛУҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫН САЛУ ҚАҰПІ ТУРАЛЫ АЗАМАТТАРДЫ ХАБАРДАУ ЕТУ».

Файзолла КАМЕНОВ,
Мәжіліс депутаты



Аңдамай сөйлесең...

(Басы 1-бетте)

ДҰРЫСЫ МЕН БҰРЫСЫ

«Ауруда шаншу, сөзде қанқу жаман» деп қазақ ғаламтордың арбауына ілінген бүгінгі ұрпағына алты ғасыр бұрын айтып кеткен.

Жуырда «Келес ауданындағы мектептердің бірінде оқушылар төрт ауысыммен оқиды, оқу орнының ғимараты әбден тозған» деген сөз тарады. Жергілікті тұрғындар осыны айтып, дабыл қағып жатқан көрінеді. Журналистерге берген сұхбатында Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Насыр Сманов та білім ұясындағы парта мен орындықтың әбден ескіргенін жокқа шығармады. Кемшілікті түзетеміз деген уәдесін берді.

Оңтүстік оқушы саны көп, жыл сайын көбейіп келе жатқаны рас. Мектеп жетіспеуі де әбден мүмкін. Ақпараттың анық-қанығына көз жеткізбек болып, Оңтүстік Қазақстан облысы Келес ауданы Ақжол ауылындағы С.Қожанов атындағы орта мектепке хабарластық. Білім ошағының басшысы Әлібек Қадырбаев аталған мәселеге қатысты бұй делі.

Оқушылар бізде екі ауысыммен оқиды. 1976 жылы салынған мектеп 640 орындық, бүгінде 941 оқушы білім алады. «Жел соқпаса, шөптің басы қозғалмайды», бұл қауесет қайдан шықты, төрт ауысым деген ақылға қонбайды? Үш ауысыммен оқығанның өзінде түн ауғанша оқиды ғой. Төрт ауысым дегенің мүлде ақылға сымайды. Біздің ауылда бұрын балабақша болған ғимарат бар. Қазір бос тұр. Осы ғимаратта шекара қызметінің бөлімшесі болды. Кейін оларға жана ғимарат салынып, көшіп кетті де, бұрынғы балабақша бос қалды. Ауылдағы төрт-бес ата-ана «мектебіміз тар, бала сыймайды, балабақша ғимараты мектепке берілсін» деп телеарнадан тілшілер шақыртыпты. Сол кезде осы «төрт ауысыммен оқиды» деген қанқу тарап кетті. Бұл ақпаратдың жалған екенін сөз басында айттым.

Оқушы сыймайтын болғандықтан да ата-аналар мәселе көтерген шығар?

Оқушылар екі ауысыммен оқитындықтан, сынып жетпейді деуге келмейді. Кейде бір пәннен бірнеше топқа бөлініп оқығанда, рас, оқушылар қысылып қалады. Кейде сыныпқа сыймай қалатынымыз да ақиқат. Оған бола, «мектепке бала сыймайды» деп айтуға келмейді. Менің ойымша, ата-аналардың журналистерді шақыруының себебі ши шығару мақсатында емес, мәселе оңтайлы шешілсе деген мақсат шығар. Біздің ауылға жанадан мектеп салу жөнінде мәселе ертелен қозғалған, аудан әкімінің жергілікті тұрғындармен кездесуінде де осы мәселе көтерілген. Балабақшаның ғимаратына қатысты айтайын. Біздің мектепке қарсы бетте, жолдың арғы жағында тұр. Аудан әкімі келешекте ескі ғимаратты тексеруден өткізіп, қабылдап алып, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, балабақша ашу жоспары барын айтты. Тіпті балабақша жанадан салынған күннің өзінде, бұл ғимарат лагерьге айналады деген де жоспар бар. Осындай жоспарлы жұмыстар үстінде біз балабақша ғимаратын мектепке сұрап алсақ, онда жанадан мектеп салу жұмысы, тіпті кейінге ысырылады. Керек десеніз, салынбай қалуы да мүмкін. Ауыл ақсақалдары да осы мәселені қозғап, ескі ғимаратты алғаннан гөрі жана мектеп салынғаны тиімді деп жоғарыға өтініштерін айтты.

Қазір қалада ғана емес, ауылдық жерлерде де мектепке баратын бала саны артып келеді.


Менің бұл мектепке директорлыққа сайланғаныма екінші жыл. Былтыр 1-сыныпқа үш сынып қабылдасақ, биыл 4-сынып болды. Демографиялық ахуал жақсарып келеді. Соған қуанып, тәубе дейміз.

Бұл мектеп 1976 жылдан бері білім беру ісіне қызмет етіп келеді. 45 жыл аз уақыт емес, үш жыл бұрын толығымен күрделі жөндеуден өткен.

Қауесетке қара орман халықты ілестіріп әкету тыйылмай, қанқу сөз де сарқылмайды.

Мектеп директоры осылай дейді. Білім ошағына қатысты басқа пікір айтушылар болса, біз оларды тыңдауға дайынбыз. Біз бұл мәселені назарда ұстайтын боламыз.

Жазып алған Нұрдан КӨШЕК



Елдің ертеңі

(Басы 1-бетте)

Депутат өз аудиториясын, өз пайдаланушыларын сыйлайтын компания қазақша және орысша білетін бірнеше контент-менеджерді жұмысқа алып, Купертино немесе Силикон алқабындағы кеңсесіне отырғызып қойсын деген пікірде. Айдос Сарым осыған орай былай дейді: «Бізге олардың кеңсесі ғана емес, ондағы менеджерлері, яғни біздің соттармен және

тетіктер мен механизмдер жасалғаны жөн. Әйтпесе, белгісіз біреулер желіні «ағытып» тастай береді. Алда солай бұғаттаса, оны жасаған қандай мекеме екенін, жауапты тұлғаның аты-жөнін ел біледі. Тіпті, сотқа жүгінуге де болады.

Құрылған елінде заңды бұлжытпай орындайтын осы алпауыт компаниялар барлық жерде алшан басып жүре алмайды. Жалған ақпарат таратса, оны түзетуге немесе жоққа шығаруға мәжбүр. Оған да көнбесе, айыппұл арқалайды. Осыдан біраз бұрын Үндістан байланыс және ақпараттық технологиялар министрлігі әлеуметтік

СЕҢ ҚОЗҒАЛДЫ



шенеуніктермен ынтымақтасатын адамдары маңызды. Бұл кенсе теорияда, тіпті виртуалды болса да жарайды. Youtube компаниясы заңсыз контентпен күресу үшін ондаған мың контент-менеджерлерді жұмысқа алды. Олар тәулік бойы видеофайлдарды қарап, пайдаланушылармен қарым-қатынас жасайды, өз ережелеріне сәйкеспейтін контенттерді жояды. Егер осылардың арасына 2-3 отандасымызды қосса, ешпенесі кетпейді. Біз әлеуметтік желілер мен мессенджерлерден мүмкін емес нәрсені талап етіп отырған жоқпыз. Біз олардан өздерінің ережелерін сақтауды сұраймыз. Қазақстан заңнамасы әлеуметтік желі иелерінен өз шарттары мен ережелерін орындауда бір ізді болуды талап етеді. Себебі олардың ақылға қонымдылары біздің заңнама талаптарына ұқсас болып келеді».

Депутат осы арада қоғамды алаңдатып отырған кибербуллингтің зиянды ықпалына тоқталып өтті. Үкіметке қарасты мекемелер мониторинг жүргізіп, кибербуллингтің мыңдаған дерегін әшкерелейді. Ата-аналардан әлгі мекемелерге көптеген шағым түседі. Бірақ заңға томпақ, құқыққа қайшы контентті жоюға не бұғаттауға бізде ешкім ықпал ете алмайды. А.Сарым әлеуметтік желімен ынтымақтастықтың оң тәжірибесі бар екенін айтады. Мәселен, келіссөзден кейін компанияның өзі заңсыз контентті жойып, ары қарай тыныш жұмыс істей береді. Бұған ресми органдардың заңды шағымын қарап, оны дұрыс деп танып, даулы контентті өз бетімен жойған LinkedIn жақсы үлгі. Депутаттың пікірінше, еліміздегі мемлекеттік мекемелер әлеуметтік желі атаулымен осындай достық пейіл, іскерлік байланыста болуы тиіс. Бұл үшін нақты, айқын жазылған заңнамалық

желілерден «үнді штамына» қатысты кез келген мәліметті алып тастауды талап етті. Министрлік «Түрлі елдерде үнді штамы тарап жатыр» деген ақпараттың қып-қызыл жалған екенін, мұндай фейк-жаңалық елдің абырой-беделіне нұқсан келтіретінін мәлімдеді. Терістік көршімізде «Роскомнадзор» мекемесі биылғы мамырда әлеуметтік желідегі Ресей азаматтарына қатысты деректерді оқшаулауды, яғни бүкіл әлемге ашық күйінде тұрмауын талап етті. Талап етіп қана қоймай, 1 шілдеге уақыт берді. Ал тамыздың аяғында Мәскеудегі Таған аудандық сотының шешімімен осы ұйғарымды орындамаған

Facebook, Twitter және WhatsApp жалпы сомасы 36 млн рубль (2016 млн теңге) көлемінде айыппұл арқалады. Бұл елде азаматтардың жеке деректерін жалпақ жұртқа жария етілмеуін қадағалайтын заң 2019 жылы күшіне енген. Сондай-ақ «Роскомнадзор» фейк-жаңалық таратқан алпауыттарды «сөзін қайтып алуға» мәжбүрледі. Ақпараттық қауіпсіздікке алаңдаған бұл елде күнделікті қолданушысы 500 мыңнан асатын IT-компанияларын Ресейде өз бөлімшесін ашуды міндеттейтін заң қабылданды. Ешкімге есесін жібермейтін ресейліктер бай компанияларға салық төлеттіруді де ұмытқан жоқ. Кезінде неше түрлі жалған ақпарат таратқан әлеуметтік желінің әлегін көп көрген Түрік үкіметі де IT-компаниялардың тіркеліп, салық төлеуін міндеттеді.

Мәжілісте мақұлданған заң жобасына оралсақ, көптен бері айтылып келе жатқан ақпарат кеңістігін реттеу ісінде сен қозғалды. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі де құжатты қолдайтынын мәлімдеді. Вице-министр Кемелбек Ойшыбаев ақпарат кеңістігіне жүргізілген мониторинг кезінде кибербуллинг дерегінің көптеп анықталғанын, бірен-саран әлеуметтік желі болмаса, көбісінің ақпаратты теріске шығару немесе алып тастауға құлықсыз екенін атап өтті. Сондықтан әлеуметтік желі мен мессенджерлердің қызметін реттейтін нормалар мен ереже енгізілгені айтыр.

Он бастама шынайы журналистиканы құрметтейтін барлық әріптестер тарапынан қолдау табады деген үміттеміз.

Талап ТІЛЕГЕН

Салық жүйесі

QR-КОД НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Үстіміздегі жылдың 1-қаңтарынан 2023 жылдың аяғына дейін салық төлеушілерді визуалды (көзбен көріп) тексеру арқылы өкімшілендірудің пилоттық жобасы қолданыста болады. Оның ережесі қаржы министрінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы №1232 бұйрығымен бекітілді.



— салық төлеушінің мекенжайы;
— алкоголь өнімдерін сақтау және бөлшек саудаға шығаруға лицензияның болмауы (алкоголь өнімдер өндірісі аумағында сақтау және бөлшек сауда жасау қызметінен басқа).

Мемлекеттік кіріс мекемесі қандай жағдайда шешім шығарады?
Мемлекеттік кіріс органының шешім шығаруына визуалды тексеру кезінде анықталған кемшіліктердің түзелмеуі негіз бола алады.
Шешім мынадай мәліметтерді қамтиды:
— салық төлеушінің атауы;
— визуалды тексеруден өткен орынның мекенжайы;
— тексеру жүктелген мемлекеттік кіріс органының құзыретті өкілі;
— тексеру мерзімі.

Шешім мемлекеттік кіріс органдарының интернет ресурсында тексеруден кейінгі үш жұмыс күніне, яғни келесі визуалды тексеру мерзімі басталғанға дейін орналастырылады.

Шағым түсіру мерзімі, визуалды тексеру актісін салық төлеушінің қолына ұстатқан күннен бастап, 30 жұмыс күнінен аспайды.

Талап ТІЛЕГЕН

Кім кінәлі?

БЕЙБІТ ӨМІРДІҢ ҚҰРБАНЫ

Елімізде жол-көлік оқиғасынан қаза тапқандардың саны азаяр емес. Осы жылдың сәуіріне дейінгі көрсеткіштің өзінде 2,5 жол апаты тіркеліп 3,5 азамат қарақат алса, 363 адам көз жұмған. Әрине, бұл статистика кімнің де болсын көңіліне қаяу түсірері анық.

Күні кеше Алматы облысында болған қайғылы оқиғаны да айтпай кетуге болмас. Қосөзен ауылында мектептен қайтып келе жатқан баланы сол оқу орнының мұғалімі қағып кеткен. Жеті жасар бала ауруханаға жетпей қайтыс болды. «Мұндай оқиғаның болуына тротуардың жоқтығы себеп болған» дейді жергілікті тұрғындар. Женіл көлік те, жүк көлігі де, тіпті мектепке



қатынайтын оқушылар да сол жолмен жүретін көрінеді. Ал 2021 жылдың қаңтар айында ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Нұрділдә Ораз: «Жол қозғалысы ережелерін бұзуды тіркеу жүйелерінің желісін кеңейту және интеллектуалды камераларды енгізу бойынша шаралар қабылдануда. Өткен жылы 5,7 миллионнан астам жол қозғалысы ережелерін бұзушылыққа жол берілмеді. Оның 2,6 миллионы автоматты тіркеу жүйесінің көмегімен анықталды. Жолдардың апатты және қауіпті учаскелерін тексеру бойынша жұмыс жандандырылды. Жол инфрақұрылымын жақсарту мақсатында жауапты тұлғаларға 25 мыңнан астам нұсқама берілді» деген болатын.


Мәулен ЖЕКСЕНЫ

Даудың басы

(Басы 1-бетте)

«Қай женгенін менікі» дейтін кез емес қазір. Қалай болғанда да,

туған күні деп қарбаласта екенін айтты. «Мен Ангелина Лукаспен бірнеше мәрте жекпе-жекке түстім. Үш рет мен жеңдім, екі кездесуде жеңісті оған берді. Тіпті 2019 жылы Сербияда өткен халықаралық турнирде төрешілердің Лукасқа



АНЫҒЫ МЕН ҚАНЫҒЫ

✦ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақтияр АРТАЕВ,
Бокс федерациясының вице-президенті:

ОСЫҒАН ӘКЕП СОҚТЫ



Бокстан Афина Олимпиадасының чемпионы, Вэл Баркер кубогының иегері, осы күнде бокс федерациясының вице-президенті, мемлекеттік жаттықтырушы қызметін атқаратын Бақтияр Артаевты іздедік. Назым мен Ангелина арасында өршіген дау әбден зәрезап етсе керек, хабарласқан себебімізді айтқан едік, сауалымызға жауабын қысқа қайырды.

Jas qazaq: Бақтияр мырза, жалпы бұл мәселе қоғамға кеңінен тарауына Ангелина Лукастың әлеуметтік желіде Президентке жазған ашық хаты себеп болды ма?

Бақтияр Артаев: Осыған өзі әкеп соқтырды. Бұған дейін де біз бірнеше мәрте ескерту жасадық. Спортшыға тән мінезден ауытқып, «өзімбілемдікке» салынды.

Жарыстарға, оқу-жаттығу жиындарына барғанда бапкерлерді, спортшыларды камераға түсіріп жариялады. Қит етсе, «Президентке жазамын, басшылыққа айтамын» деп өршеленіп келді. Ешқандай рұқсатсыз, келісім алмастан, түрлі жарнамалық роликтерге де түсті. Соның барлығы жиналып-жиналып, ақыры қоғам алдында қоясы ақтарылды. Біз де қашанғы ыға береміз, шыдамның да шегі бар. Еркелікті де еркіне қоя беруге болмайды. Төртін бөрінен бірдей талап етіледі. Бағынбайсың ба, жолың өне.

Jas qazaq: Бейжің Олимпиадасының чемпионы Бақыт Сәрсекбаев Ангелина Лукасты жекпе-жекке баптайтынын, ал сізге «Назымды дайындап өкел» деп шақырту жолдады. Сәрсекбаевтың сауын айтуына не дейсіз?

Бақтияр Артаев: Не дейін, біріншіден, Назым Қызабайдың жеке бапкері емеспін. Ол қызды қаршадайынан қаршығадай баптап, күтімге алып бабын қайырып, жекпе-жекке салған бапкерлері бар. Жол ортадан килігіп, біреу айтты екен деп айтаққа ере беру жөн емес. Сәрсекбаев Лукасқа бапкер болам десе дайындасын, әуесқойда жолы болмаған екен, кәсіпқой боксқа салып өлем чемпионы атандырсын. Сол күнге жетуіне тілектеспін.

Лукас пен Қызабай текетіресі біраз жайттың бетін ашып, сыздауықтың соқтасын сыға түскендей. Бауыржан Момышұлы: «Тәрбиелі — тәртіптің құлы, тәртіпке бағынған құл болмайды» дегенді тегін айтқан ба?

Сырттан тон пішкеннен гөрі, өздеріне хабарласып, болған жайтты білмекке қам жасадық. Алдымен Назымның нөмірін тердік. Біз хабарласқан күні (14 қыркүйек) 28 жасқа толған қыз

бүйрегі бұрып тұрды. Сол жекпе-жектің бейнежазбасы өзімде сақтаулы тұр».

Одан кейін Ангелина Лукастың нөмірін тердік. Бірақ байланыса алмадық. Жеке бапкерімен де тілдесудің орайы тұмады. Алдағы уақытта Ангелина Лукастың да айтар уәжі болса, оқырманға ұсынуға қашанда әзірміз.

Қуаныш РАЗАҚ

Қазақы реализм

ҚАРУ-ЖАРАҚ ҚОЙМАСЫНЫҢ ҚҰНЫ – 1 ТЕҢГЕ



Алтай ауданы
Шығыс Қазақстан облысы

Фото: e-aleban.gov.kz

Жасмин Әшімова – шымкенттік белсенді жас. «ЭКСПО» халықаралық көрмесінің әлемдік деңгейдегі сертификатталған еріктісі. «Жаспроджект» жобасының (қоғамдық жоба) тәжірибелі сертификатталған грант иегері. «Жас медиа» республикалық журналистер курсының сертификатталған журналисі. Бизнес саласындағы түрлі кластағы курстарды тәмамдаған. Жастар арасында тренер-мотиватор. Мәтін жазу, СММ саласында тәжірибелі блогер. Іс-шара ұйымдастыру бағытында тәжірибелі. Шығармашылық, ақындық қабілеті бар. «Compass» әлеуметтік білім беру орталығының директоры.

Жасмин туралы жазғанда оның қай қырына үңілсем екен деп басың қатады. Себебі жалындап тұрған жастың ашылмаған қыры жоқ сияқты. Жан-жақты, ізденімпаз, өнерлі, тәжірибелі. Өткен жылы ҚР «Халық алғысы» медалін иеленген іскер қызбен сұхбаттасудың сәті түсті.

Жасмин ӘШІМОВА:

ЕРІКТІ ЖАСТАРДЫҢ ДӘРЕЖЕСІ ӨСТІ

Жас qazaq: Жасмин, сені қоғамдық іс-шаралардың бел ортасынан әрі ерікті ретінде көріп жүрміз. Шымкент қаласы волонтерлер корпусының президенті, «Бізбен бірге» еріктілер мектебінің төрайымысың. Еріктілікпен қай кезден айналып бастадың?

Ж.Әшімова: Еріктілік – алғысты тыңдауға ғашықтық. Ерікті – өз қалауымен әрі шын жүрегімен көмектесетін және орнына ештеңе сұрамайтын адам. Олар адамдардың алғысына бөленіп, игі істерге мұрындық болып жүрген азаматтар мен азаматшалар. Істеген ісіне қаражат алып немесе біреудің күштеуімен емес, көмекті өз еркімен көрсетеді. Егер де қандай да бір табыс тапқысы келіп, дәмететін болса, олар жұмысшы есебінде саналады. Екеуінің аражігі осы.

Мен көмек қолын созудан рахат табатын адаммын. Менің көмегімнен кейін біреудің жүзі қуанышқа бөлense болды, өзіме тиімсіз болып тұрса да, жәрдем етемін. Осыдан өзімді жеңіл сезініп, бойыма қуат жинаймын. Бастапқыда шығармашылыққа жақын мүмкіндігі шектеулі балалардың өлеңін жазып беріп, оларды газет бетіне шығарып, түрлі жарыстарға қатысуына көмектесіп жүрдім. Ойлап қарасам, менің ресми түрде ерікті болып жүргеніме 7 жыл болыпты. Осы уақыт аралығында өзіме рухани байлық әрі тәжірибе алдым деп айта аламын.

Жас qazaq: Біздің қоғам еріктілікті қалай қабылдайды?

Ж.Әшімова: Біздің қоғамда еріктілікті 4–5 жыл алдын көп адам түсіне бермейтін. Ерікті деген, ол – қолы бос, еріккен адам деген қасаң түсінік қалыптасып келген еді. Расында да, кейбіреулер үшін тұрақты жұмысы жоқ, күнін өткізе алмайтын жандарды ерікті деп қабылдады. Уақыт өте келе, халық арасында ортақ мүдде пайда болып, еріктілер қозғаушы күшке айналып, олардың көмегімен көп жағдайлар реттеле бастады. Мысалы, «ЭКСПО 2017» халықаралық көрмесі. Арыстағы апат, Мақтаралдағы су тасқыны, пандемия, Риддердегі өрт, т.с.с жағдайларда еріктілердің маңыздылығы артып, дәрежесі айқындалды. Президент Қ.Тоқаев та 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялап, еріктілерге зор құрмет көрсетті. Қазіргі таңда еріктілердің құрмет-дәрежесі бұрынғыдан да жоғарылағандай. Түптеп келгенде, еріктілік қанымызға сіңген қасиет. Біз, қазақ халқы бауырмал, мейірімді мен шапағатын төгіп тұратын елміз. Бір-бірімізге жәрдем беру, асрапталып, үлкен іс тындыру секілді дүниелер соның дәлелі. Қазақстанда 18 миллионнан астам халық бар болса, соншама ерікті бар деп айтар елміз. Мемлекет басшысынан бастап әрбір қазақтың жүрегінде мейірімділік бар. Яғни кез келген жағдайда бір-біріне көмектесісі келіп тұратын бірлігі жарасқан елміз.

Жас qazaq: Бес саусақ бірдей емес. Адамдар да әр түрлі. Еріктілердің көмегіне қанағаттанбай, тіпті оларға залалын тигізетіндер кездесе ме?

Ж.Әшімова: Көмек көрсетіп жүріп, жапа шеккен кездер өте көп болды. Бірақ біз түсіністікпен қараймыз. Мәселен, Арыс оқиғасы кезінде біздің апарған заттарымызға тұрғындардың көңілі толмады. Олар тек көзқарасымен ғана білдіріп қоймайды. Талай мәрте құлағымызбен де естідік. Карантин уақытында да тұрғындарға азық-түлік таратып, орнына алғыс арқалаймын деп барған еріктілерді көмегімен қоса қайтарып, таяққа жыққан кездер де болды. Содан соң маған қыздар мен жігіттер келіп, «Неге?» деп сұрақ қойған кезде олардың ынтысы мен жігерін мұқалтпауға тырысамын. «Бастысы, сіз көмектестіңіз, парызды орындадыңыз. Ары қарай оларды түсініп көрейік» деп осы мәселеге қатысты да түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Арыстағы кісілер үйсіз қалып, үйкісyz жүргендіктен, жүйкесі сыр беріп, кім-көрінгенге ұрсуы мүмкін. Төтенше жағдай кезінде далаға шығуға сексеніп, жұмысынан айырылған адамдар үйде отырып шаршаған да шығар. Таяқтың екі ұшы болатынын ескеріп, халықтың да жағдайын түсінуге тырысамыз. Бірақ еріктілердің құқығы аяққа тапталмауы тиіс. Осы мақсатта волонтерлердің мәртебесін көтеріп, олардың санын арттыру үшін арнайы ереже енгізуге ұсыныстар дайындалды.

Жас qazaq: Жастар мәслихатының депутаттысын. Шымкент жастарының өзекті мәселелері шешімін тауып, талап-тілектері орындала ме? Қалалық мәслихатқа өз деңгейінде жеткізе алып жүрсіндер ме?

Ж.Әшімова: Біз жас болған соң бойымызда энергия көп. Жастар мәслихаты қоғамға керек. Біз қала әкімдігіне, мәслихатқа жергілікті жастардың мәселесін жеткізуге тырысамыз.

Сонымен қатар қаланың дамуы, мәдениеті, өркениетіне жастардың көзімен қарап, жоғары жақтағыларға ұсыныс-пікір айтамыз. Жастар саясаты, қоғамдағы орны, белсенділігі мен бағыты, білімі мен бос уақытын тиімді өткізуі сынды мәселелер бойынша да бірлесе жұмыс істейміз. Шымкент қаласының дамуында жастардың алар орны ерекше. Осы орайда жастар мәслихатының қоғамдағы орны да маңызды.

Бүгінгі таңда жастар арасындағы өзекті мәселелер: баспана, жұмыссыздық, мемлекеттік грант, т.б. Әлеуметтік, қоғамдық бағыттағы шешіліп жатқан мәселелер де жоқ емес. Қалалық мәслихат деңгейінде де ұсынылып және ұсынысқа дайындалып жатқан мәселелер көптеп кездеседі. Түптеп келгенде, барлығы да қала халқының игілігі үшін жасалында.

Жас qazaq: Республикалық «Жастар кадрлық резервінің» мүшесі ретінде атсалысқан мәселелерге тоқталсаң...

Ж.Әшімова: Республикалық жастар кадрлық резерві еліміздегі үздік жастарды көшбасшылық орындарға даярлау, үйрету мақсатында жасалған жоба. «Болашақ» қауымдастығының ұйымдастыруымен өткен жобада республикадан іріктелген 30-ға жуық жас парламента 1 айға жуық уақыт тағылымдамадан өттік. Түрлі бағыттарда білімімізді шыңдадық. Сол білім



мен тәжірибе маған өмірлік азыққа айналды. Кадрлық резервте де, одан тыс та мен үнемі еріктілерге қатысты мына ұсыныстарды айтудан жалыққан емеспін. Мәселен, «Әлеуметтік студенттік кредит» деген жүйе бар. Жоба аясында жоғары оқу орындарының студенттері волонтерлік қызметке араласып, қоғамға пайдалы жұмыс нәтижелері үшін ақшалай сыйақы алады. Мысалы, 20 сағат қызметі үшін 20 мың теңге кредит болып есептелінеді. Бірақ, талап бойынша еріктілер университет қабырғасында оқуы тиіс. Осыған аздаған өзгеріс енгізсе, дұрыс болар еді. Себебі байқауымша, еріктілердің арасында колледжде білім алатын студенттер де бар. Олардың бірінің шәкіртқысы бар болса, бірінікі жоқ. Жағдайы жақсы болмаса да, көмек көрсеткісі келіп тұратын колледж студенттері де жетерлік. Осы жағы ескерілсе екен.

Сонымен қатар еріктілер екі сағаттан артық жұмыс істесе, түскі асын қамтамасыз ету сынды жүйе қалыптастыру қажет. Оған қоса, ұзақ жолға шыққанда арнайы көлікпен қамтамасыз етілсе, дұрыс болар еді. Жан-жақты қолдау көрсетілсе, еріктілердің ынта-жігері де арта түседі.

Жас qazaq: 2020 жылғы праймеризге қатысып, жеңімпаз болдың. Праймериз сараптауынан не түйдің?

Ж.Әшімова: Праймериз маған бәсекеге қабілеттілікті, қарсыласын қанша мықты болса да, одан озуға мүмкіндік бар екенін, адам тек өз еңбегімен биікке шыға алатынын көрсетті. Мына миллионды мегаполисімде мықтылардың қатарына еніп, ең жас үміткер ретінде жеңіске жеттім. Қазіргі таңда депутаттық және партиялық резервтемін. Праймериз маған мол тәжірибе берді.

Жас qazaq: Сол өткен жылғы праймеризде сайлауалды бағдарламасын өзі жаса алмай, «жаздыртқан» үміткерлерді де білеміз. Сен бағдарламанды өзін жазған ба едің?

Ж.Әшімова: «Жаздыртқаннан» құдай сақтасын! Өрине, өзім жаздым. Мен өлкемнің тарихы мен халқымның басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді де жақсы білемін. Орта-арнаулы оқу орнына түскелі бері үшінші мегаполисті дамыту жолындағы сан алуан қоғамдық жұмыстарға араласып келемін. Әсіресе, еріктілікпен айналысқан жеті жыл көлемінде халықтың мұн-мұқтажын ұғынып, мүмкіндігінше көмек көрсетуге ықпал етудемін. Жастар мәслихатының депутаттығына сайланып та біраз тәжірибе жинадым. Осы тәжірибемді пайдалана отырып, елімнің мұн-мұқтажын жеңілдетіп, Шымкент қаласын бақытты жандардың мекені етемін деген арманымның жетегімен праймеризге қатысқан болатыным.

Жас qazaq: Жеткен жетістіктеріне, жүріп өткен жолына қарап көз сүйсінеді. Бәріне қалай үлгересің?

Ж.Әшімова: Адамның асқақ арманы мен өзіне деген талабы жоғары және ниеті дұрыс болса, бәріне үлгереді екен. Ең бастысы, елге титімтей де болса пайдамды тигізсем деп жүгіріп жүрмін. Шүкір, барлық мақсаттарым ақырындап орындалып келеді. Адам жаны адал болып, бәрін шынайы істесе, оған көптеген есіктер ашылады екен.

Жас qazaq: Жасмин, сұхбат бергеніңе рахмет! Еліме болсын деген ниетіңе қарай барлық істерің тек онынан болсын!

Метрополис

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ ЕҢБЕК ЖОЛЫН АШАДЫ

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының «Жастар практикасы» бағыты бойынша тұрақты жұмыс табуға болады. «Екі қолға бір күрек таба алмадық» деп сенделетіндердің сылтауы өтпейді қазір. Қызметке орналасқан да, жеке кәсіп ашып, шаруанды дөңгелетем десең де мархабат. Мемлекет барлық қолдау-көмегін аямайды. Міне, осы мемлекеттік бағдарлама бойынша жұмысқа орналасқандардың бірі – Валерия Полукчи.

Шымкенттік жас биылғы жылы Қаз тұтыну одағы Қарағанды экономикалық университетін «Кәсіпкерлік экономика құқығы саласындағы құқықтық реттеу» мамандығы бойынша тәмамдаған. Оқу бітіріп, қолына диплом алған жас маман шілде айында Шымкент қаласының полиция департаментіне жастар практикасымен 6 ай мерзімге жолданып, қазіргі таңда тәжірибе жинақтауда. Келешекте тұрақты жұмыс орнын тауып, еңбек етпек.

КЕЛЕШЕКТЕ ЦЕХ АШПАҚ

Шымкент қаласының тұрғыны Зарина Кеншімбаева – «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде биыл 3 айлық кәсіптік оқу курсына жолданған бағдарлама қатысушыларының бірі. Ол қазір «Мөлдір» оқу орталығында «тігінші» мамандығы бойынша біліктілігін арттырып жүр.

– Мен бала күтімімен біраз жыл жұмыссыз үйде отыруыма тура келді. Әлеуметтік желіден қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курсының басталатынын естіп, мамыр айында жұмыспен қамту орталығына барып құжат тапсырдым. Қазіргі таңда тігінші мамандығы бойынша білім алып, мұндағы тәжірибелі шеберлердің арқасында көп нәрсе үйрендім. Қолымнан балаларға арналған киім-кешек, қазақи нақыштағы қыз жасауы, перде тағы да басқа түрлі дүниелерді жасау келеді. Алдағы уақытта куәлікті алған соң, өзімнің жеке кәсібімді ашсам, тігін цехын іске қоссам деген ниетім бар, – дейді көпбалалы ана.

ЖАС МАМАН ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙДЫ

Шымкент қаласында «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Жастар практикасы» бағыты бойынша жұмысқа орналасқандардың бірі – Жанерке Қуандық. Ол былтыр Шымкент көпсалалы колледжінде медбике мамандығы бойынша білім алған.

Жас маман оқу бітірген соң жұмыссыз мәртебесін алып, биыл мамыр айында халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы №1 қалалық клиникалық ауруханасына уақытша жұмысқа қабылданды.

– Жастар практикасы бағдарламасы арқылы уақытша болса да жұмыс таптым. Қазіргі таңда ауруханада жансақтау бөлімінде көмекші ретінде біліктілігімді арттырып келемін. Жастарды осы бағдарламаға қатысуға шақырамын, – дейді 21 жастағы медицина қызметкері.

Дінмұхамед Абзалбек те – мемлекеттік бағдарламаның жемісін көргендердің бірі. Жас маман М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім алған. Оқу бітірген соң, бірден жұмыссыз мәртебесін алып, биыл наурыз айында қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына жастар практикасы бағдарламасымен 6 ай мерзімге жұмысқа орналасты.

– Осы бағдарлама арқылы ең алдымен әлеуметтік салада кәсіби тәжірибе жинақтап жатырмын. Алдағы уақытта жинаған тәжірибемнің арқасында тұрақты жұмысқа орналасқым келеді, – дейді 22 жасар қала тұрғыны.

Шымкент қаласында «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы уақытша жұмысқа орналасып, өз мамандығы бойынша тәжірибе жинақтап жүрген жастардың саны артуда.

Сондай жастың бірі – Тұрсынбай Бақытжанұлы. Биылғы жылы М. Әуезов атындағы университетті «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша аяқтаған. Қолына диплом алған соң, жұмыссыз мәртебесімен шілде айында қалалық халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінді.

Орталық қызметкерлері жас маманға «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысуды ұсынды. Осылайша, ол Шымкент қаласындағы Төтенше жағдайлар департаментіне жыл соңына дейін жолданды.

– Қазіргі уақытта өз мамандығым бойынша тәжірибе жинап, еңбекқымды адал алып жүрмін. Енді уақытша жұмыстан тұрақты жұмысқа орналасып, маман иесі атану жоспарым бар, – дейді бағдарлама қатысушысы.

«Еңбек» бағдарламасы шеңберінде уақытша жұмысқа орналасқан қала жастарының бірі – Батырхан Әмірханов.

Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетін «Қазақстан тарихы» мамандығы бойынша тәмамдаған жас маман біраз уақыт жұмыссыз жүрген. 2021 жылдың басында қалалық жұмыспен қамту орталығында «жұмыссыз» мәртебесімен тіркеліп, көп ұзамай Шымкент қаласы Абай ауданының әкімі аппаратына «қоғамдық көмекші» ретінде жыл соңына дейін уақытша жұмысқа жолданды.

– Жұмыс ідеуші азаматтарға мемлекет тарапынан түрлі бағыттағы бағдарламалар ұсынылып отыр. Еңбек еткісі келетін адамға қай кезде болса да жұмыс табылады. Мен де сол ұстанымды қолдаймын. Уақытша болса да жұмысқа орналасып, табыс тауып жүрмін, – дейді 23 жастағы бағдарлама қатысушысы.

«Еңбек» бағдарламасы арқылы жұмыс тапқан жастардың бірі – Перизат Әбдіжаппарқызы. Ол былтырғы жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша білім алған. Жас маман оқу бітірген соң қалалық жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелді. Кейіннен орталық мамандары жас маманға «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысуға ұсынып, нәтижесінде биылғы жылдың мамыр айында аталған бағдарламамен Абай ауданы әкімінің аппаратына мамандығы бойынша 6 ай мерзімге тапталды.

– Жастар практикасы бағдарламасы арқылы жергілікті мемлекеттік органға жолдама алдым. Осы жердегі білікті мамандардың тапсырмаларын орындап, тәжірибе жинақтаудамын. Алдағы уақытта білімім мен жинаған тәжірибемнің арқасында тұрақты жұмысқа кірсең деген мақсатым бар, – дейді.

Жалпы «Жастар практикасы» уақытша жұмыс орны болып есептелінеді. Жас мамандар үшін тәжірибе жинақтап, жұмысқа орналасуға зор мүмкіндік.

Аталған бағдарламаға 29 жастан аспаған «жұмыссыз» мәртебесі бар және соңғы үш жыл ішінде (2019, 2020, 2021 ж.) жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері қатыса алады. Жалақысы 25 АЕК (72 925 теңге) құрайды. Бұл бағдарламаға тек бір рет қатысуға болады.

Шымкентте жыл соңына дейін «Жастар практикасымен» 2500 адамды жұмыспен қамту жоспарланса, жыл басынан бері 2000-ға жуық шымкенттік жас аталған бағдарламамен түрлі мекемелер мен кәсіпорындарға жолданды.



Валерия Полукчи



Зарина Кеншімбаева



Жанерке Қуандық



Батырхан Әмірханов



Дінмұхамед Абзалбек



Перизат Әбдіжаппарқызы



Тұрсынбай Бақытжанұлы

Бетті дайындаған Мәриям АЙТБАЙ

Екпе ал

Бір жылдан астам уақыттан бері бүкіл әлем тәжтажалдың қыспағында. Бүгінде оны еңсерудің бір ғана жолы бар. Ол, әрине, вакцина салдыру. Сонда ғана біз пандемияға дейінгі қалыпты тіршілігімізге ораламыз. Қазір елімізде коронавирус инфекциясына қарсы вакциналау науқаны қарқынды жүріп жатыр. Бұл үрдісте «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының үлесі қомақты.

10-шы қыркүйектегі жағдай бойынша, вакцинаның бірінші компонентін Қор компанияларында еңбек ететін 203 853 қызметкер салғызды. Бұл – барлық жұмысшылардың 74,5 пайызы. 182 272 қызметкер, яғни 66,6 пайызы толық егілді. Айта кеткен жөн, егілу ерікті түрде, заң жүзінде жұмысшының толық келісімі алынған соң ғана жүргізіліп келеді. Осы және вакциналауға қатысты өзге де мәселелер жөнінде Қордың Корпоративтік басқару және әлеуметтік-еңбек қатынастары жөніндегі Басқарушы директоры Мұхтар Манкеев кешегі өткен брифингте баяндап берді.

«Самұрық-Қазынаның» портфельдік компаниялары көптеген салаларда қызмет ететінін тілге тиек еткен М. Манкеев олардың тұрақты әрі мүлтіксіз жұмыс істеуі ел экономикасы үшін аса маңызды екенін атап өтті. Ол «Қызметкерлер мен жұмыскерлердің екпе алуы олардың денсаулығын сақтауға ғана емес, еліміздің экономикалық тұрақтылығы мен әл-ауқатын арттыруға ықпалын тигізеді», – дейді.

Қазіргі таңда экономика саласы ес жиып, жаңғырып келе жатыр. Ендігі міндет – жұмысты тоқтатпау. Бұл тұрғыда «Самұрық-Қазынада» вахталық әдіспен, сондай-ақ күнделікті жұмыс істейтіндерге өндірістен қол үзбей вакцина алуға жағдай жасауға айрықша мән беріледі.

Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен портфельдік компанияларда вакцинациялау жолға қойылған. Өндірістік нысандарға арнайы жылжымалы топтар барып, егу шараларын жүргізеді. Айта кеткен жөн, әрбір жұмыскерге елімізде мақұлданған вакцина түрлері ұсынылады. Ен бастысы, таңдау бар. Қорда коронавирусқа қарсы іс-қимыл жөніндегі Жедел штаб құрылған. Ол пандемияға қарсы жаңа шаралар әзірлеп, вакцина салуға ынталандыру тетіктерін ұсынады.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»: ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ 75 ПАЙЫЗЫ ВАКЦИНА АЛДЫ



Мұхтар Манкеев бүгінгі таңдағы аса маңызды әрі жауапты мәселеге қатысты сөзін былай жалғастырды: «Вакцина егу қажеттілігі жөніндегі мемлекет басшылығының тапсырмасына сәйкес, 270 мыңнан астам қызметкері бар «Самұрық-Қазына» Қоры ұжымдық иммунитет қалыптастыруға белсенді атсалысты. Әлеуметтік желілер, салалық бұқаралық ақпарат құралдары мен бейнероликтер арқылы тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. #менекпеалдым #явакцинировался челленджі ұйымдастырылып, барлық компаниялардың басшылығы да вакцина салғызып, үлгі көрсетті. Әрмен қарай ол #менвакциналяцияландым# деген челленджге жалғасты».

М. Манкеевтің айтуынша, көптеген шаралар Қор базасында құрылған Жедел штабта шұғыл түрде қарастырылады. Әр апта сайын мәліметтермен жұмыс істеп, жаңа қолдау шараларын дайындап, қызметкерлерге ұсынып отырады. Қазіргі таңда вакциналау – Қор үшін ең өзекті мәселенің бірі. Ел экономикасына тікелей әсерін тигізіп отырған Қордың портфельдік компанияларының жұмысын

тоқтатпай, өндірістік жұмыстарын жалғастыру маңызды.

«Әрине, вакцина мәселесі әркімнің жеке таңдауы ғана емес екенін түсінуіміз керек. Вакцина алған азаматтар, ең алдымен өз қауіпсіздігін, екіншіден, жанұясын, жақындарын қорғайды. Үшіншіден, жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосады. Сондықтан Қор бұл бағыттағы жұмысын жалғастырады», – деп атап көрсетті М. Манкеев.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында, халыққа егу препараттарын қолжетімді ету үшін Қор Біріккен Араб Әмірліктерінде шығарылған Науат-Vax вакцинасының 1 млн дозасын сатып алуға қаржы бөлді. Оны биылғы жылдың мамыр айында «СК-Фармация» компаниясы жеткізіп, Денсаулық сақтау министрлігінің желісі бойынша таратты.

Қор компанияларының тобында қызметкерлерді коронавирусқа қарсы егілуге ынталандыру үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосымша демалыс күндерін қосу, кезектен тыс ақылы демалыс күндері беру,

вакцина салғызған қызметкерлер арасында ұтыс ойындарын ұйымдастыру сияқты шаралар қолға алынған. Сондай-ақ вакцина салғызғандар санын ұлғайту мақсатында қосымша шараларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Психологтармен, қоғам белсенділерімен, медицина қызметкерлерімен кездесулер, ланч-бокстар ұйымдастыру және тағы басқа шаралар қарастырылған. Міне, осындай шаралар жақсы нәтиже берді.

Брифингте Мұхтар Манкеев тағы бір дерекпен бөлісті. Атап айтқанда, пандемия басталғаннан бері «Самұрық-Қазына» компаниялар тобында жалпы саны 22 мыңнан астам адам коронавируспен ауырды. Олардың дені құлан-таза сауығып шықты. Бүгінгі күні біраз адам ем-дом алып жатыр. Өкінішке қарай, жарық дүниемен қоштасқандар да бар. Осыған орай, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚАҚ Басқарушы директоры әріптестерін ғана емес, барлық тұрғындарды вакцина алуға, бетперде тағу, әлеуметтік қашықтық сақтау сияқты қорғаныс шараларын сақтауға шақырды.

Талап ТІЛЕГЕН

Отандық өнім

Құрылысы аяқталуға тақау қалған Атыраудағы газ-химия кешені ел экономикасын әртараптандыруда (диверсификация) аса маңызды рөл атқарғалы тұр. Ғаламат жоба отандық өнім шығару үрдісіне тың серпін беріп қана қоймай, экспорттық елеуетімізді де арттыра түспек. Жуырда алып кәсіпорынды шикізатпен тұрақты түрде қамтамасыз ету мәселесі де түпкілікті шешілді. «Теңізшевройл» компаниясы өндіріс ошағын пропанмен қамтамасыз ететін болды.

Осындай ынтымақтастықты көздейтін келісімге «ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және мұнай химиясы жөніндегі орынбасары, «Kazakhstan Petrochemical Industries» (KPI Inc.) ЖШС Басқарма төрағасы Данияр Тиесов және «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) Бас директоры Кевин Лайон қол қойды. Құжат Қарабатандағы полипропилен өндіретін зауытқа Теңіз кен орнынан пропан жеткізуді көздейді. «KPI Inc.» 2018 жылы 2018 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ тапсырмасы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ-ның сенімгерлік басқаруына берілген болатын. Келісімге қол қою рәсіміне «ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және Chevron корпорациясы Еуразия бизнес

бөлімшесінің басқарушы директоры Джон Балтц (John Baltz) қатысты. Chevron «Теңізшевройл» компаниясының негізгі акционері болып табылады.

Айта кеткен жөн, тәуелсіз мемлекетіміздің тарихында аса ірі жобалардың бірі болып табылатын бірегей кәсіпорынның құрылысы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен басталған болатын. ҚМГ баспасөз қызметі хабарлағандай, қазіргі уақытта зауыттың 90 пайызы дайын. Биылғы жылдың соңына дейін құрылыс аяқталады деп жоспарланып отыр.

Тараптар арасында қол жеткізілген уағдаластыққа сәйкес, «Теңізшевройл» ЖШС жыл сайын 550 мың тонна пропан фракциясын жеткізіп тұрады. Полипропилен өндірісінде қолданылатын газды теміржол арқылы жеткізу көзделген. Зауытта шикізатты пропанды сутексіздендіру қондырғысы арқылы пропилен шығара отырып өңдейді. Содан кейін полимеризациялау қондырғысында дайын өнім – түйіршіктелген полипропилен алынады.

Құжатқа қол қою рәсімінде сөз сөйлеген «ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ Басқарма төрағасы



ПРОПАННАН – ПОЛИПРОПИЛЕНГЕ

Алик Айдарбаев Теңіз кен орнынан пропан алу ел экономикасы үшін маңызды жобаны іске асырудың өзекті мәселесі екенін айрықша атап өтті. Ол «Биылдың өзінде салынып жатқан газ-химия кешені шикізаттың алғашқы бөлігін қабылдап алады. Заманауи зауыттың құрылысы аяқталуға жақын қалды. 2022 жылдың бірінші тоқсанында біз іске қосу мен реттеу жұмысын бастауды жоспарлап отырмыз. ҚМГ және ТШО компаниялары он жылдан бері тығыз жұмыс істеп келеді. Бүгін қол қойылған құжат ұзақ мерзімді әрі тұрақты серіктестігімізді одан әрі жалғастыратынымыздың айқын дәлелі болып табылады», – деді.

«Теңізшевройл» компаниясының Бас директоры Кевин Лайон аталған келісімге қатысты өз ойын былай білдірді: «Бұл Қазақстан мұнай-химия саласын қолдау жөніндегі біздің бірлескен күш-жігерімізді нығайтуға қызмет ететін ТШО мен ҚМГ арасындағы серіктестіктің маңызды кезеңі. Біз, ТШО ретінде Қазақстанның мұнай-химия саласының болашағына сеніммен қараймыз. Елдің өндірістік және экономикалық дамуына одан әрі ықпал ететін жобалар бойынша энергетика

министрлігімен және ҚМГ-мен тығыз ынтымақтастықта жұмысымызды жалғастыра береміз».

Осы арада мұнай мен газдан алынатын полипропилен зауыты жөнінде мына бір деректі келтіре кеткен орынды болар. Өндіріс ошағы елімізде толығымен цифрландырылған алғашқы кәсіпорын болуға тиісті. Кешендегі барлық жұмыс процесін Атырау қаласында қашықтан басқаруға болады. Барлық физикалық жұмысты роботтар атқарады. Ал жұмыс ырғағын «ақылды» цифрлық бейнебақылау арқылы операторлардың басқаруына мүмкіндік бар. Сонымен қатар, кешенде су үнемдеу технологиясын қолданатынын атап өткен жөн. Мұнда суды салқындатудың тұйық циклы қолданылады, яғни барлық ағын су тазартудан өтеді. Сөйтіп зауытқа тұшытылған, минералсыз, өртке қарсы пайдаланылатын су түрінде қайтарылады. Сол арқылы пайдаланылатын су мөлшерін едәуір азайтуға мүмкіндік туады.

Отандық мұнай-газ химия саласындағы осынау алып кәсіпорын іске қосылған соң жыл сайын 629 мың тонна пропан өңдеп, 500 мың тонна полипропилен өндіреді. Күнделікті тұрмыста, сондай-ақ өндірістің көптеген салаларында қолданылатын отандық өнім ішкі суранысты толығымен өтейді. Бұған қоса, алыс-жақын шетелдерге де жөнелтіледі. Ал әлемдік нарықта бұл өнімнің бағасы барған сайын өсіп келеді.

Гүлнар АХМЕТОВА



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында ең алдымен басты назар экономиканы дамытуға аударылды. Президент осыған орай жауапты органдарға нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы еліміздегі моноқалаларды дамыту мәселесіне де тоқтады.

МОНОҚАЛАНЫ ДАМУ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН МАҢЫЗДЫ



Тарихи тұрғыдан алғанда, моноқалалар әртүрлі тау-кен орындарының айналасында өсті. Олардың көпшілігі географиялық тұрғыдан қолайсыз аудандарда құрылды.

Елімізде жүргізіліп жатқан өңірлік саясат міндеттерінің бірі — моноқалаларды дамыту болып табылады. Естеріңізге сала кетейік, моноқалаларға орта немесе үлкен қалалар кіреді, онда өнеркәсіптік өндірістің және еңбекке қабілетті халықтың 20 пайыздан астамы бір немесе бірнеше қала құраушы кәсіпорындарда, әдетте біреуіне шоғырланған.

Бүгінгі таңда елімізде 1,4 млн адам немесе ел халқының жалпы санының 7,4 пайызы тұратын 27 моноқалалар бар. 2015 жылдан бастап моноқалалардағы халық саны 2,4 пайызға немесе 34,8 мың адамға қысқарды (2020 жылы — 1 412,6 мың адам, 2015 жылы — 1 447,4 мың адам).

9 моноқала (Абай, Ақсу, Кентау, Рудный, Сарань, Текелі, Теміртау, Хромтау, Шахтинск) өздерінің орналасуы есебінен облыс орталықтарымен тығыз экономикалық байланыста. Бұл агломерациялық әсерлерді іске асыру есебінен олардың экономикалық дамуының берік негізін құрайды. Осы тоғыз қалада халық саны тұрақты болып қалуда (2015 жылдан бастап 0,1 пайызға ғана қысқарды).

Облыс орталықтарынан шалғайдағы қалған 18 моноқалада халық саны азаюда (–3,9 пайыз). Егер экономикалық көрсеткіштердің динамикасын қарастыратын болсақ, 2019 жылы 2014 жылмен салыстырғанда моноқалаларда өнеркәсіптік өндіріс көлемі 55,2 пайызға, негізгі капиталға инвестициялар көлемі 3,1 есе өсті.

Моноқалалардың қала құраушы кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар саны 7,5 мың адамға (4,5%) қысқарды (2019 жылғы 167,4-тен 2020 жылы 159,9 мың адамға дейін).

Моноқалалардағы жалақы мөлшерінің жоғары саралануы сақталуда: егер 2014 жылы 16 моноқалада жалақы мөлшері облыс бойынша орташа айлық жалақыдан төмен болса, 2019 жылы — 12 моноқалада. Моноқалаларды дамытудың маңызды проблемаларының бірі — инфрақұрылымның тозуы және соның салдарынан коммуналдық қызметтер сапасының төмендеуі болып табылады. Мәселен, кәріз желілері инфрақұрылымының тозуы 66,1 пайызды, жылу желілері 54,5 пайызды, су құбыры желілері 56,2 пайызды, электр беру желілері 55,3 пайызды құрайды. 11 моноқалада автожолдардың 50 пайыздан астамы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша моноқалалардың инфрақұрылымын дамытуға 57 млрд теңге бөлінді. (195 жоба — ТКШ саласында 112, көлік инфрақұрылымы саласында

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік

Өскеменде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы бойынша салынған екі балабақша пайдалануға берілді. Қала тұрғындары жаңадан ашылып, халықтың игілігіне берілген балабақша жұмысына дән риза. Шығыс Қазақстан облысы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығының мәліметінше, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде ашылған бірінші нысан 85 орынға лайықталып салынған «Страна чудес» балабақшасы.

Балабақша аутизм ауытқушылығы бар бүлдіршіндерге арналған. Айта кетейік, ел аумағында аутизм диагнозы қойылған наукас балаларға арналып салынған тұңғыш бірегей орталық.

Өскемен қаласының әкімі Жаксылық Омардың айтуынша, мамандандырылған балабақша заманауи үлгідегі әдістемелік құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Өскемен қаласының әкімі Ж.Омар балабақшаның салтанатты ашылу рәсімінде: «Облыс орталығында аутистік спектрінде ауытқушылығы бар 85 бала бар. Біз бүгін осы ерекше балғындардың қажеттілігін толығымен қанағаттандырып отырмыз. Бұл жерде балақайларда қоғамда өмір сүрудің әлеуметтік, коммуникативтік және күнделікті дағдылары қалыптасып, инклюзивті білім алуға бейімделеді», — деді.

Балабақшада Польшадан шақырылған арнайы үш маман қызмет етеді.

Аутизмге шалдыққан балаларға медициналық ем-доммен қоса, психологиялық көмек көрсетілуі тиіс. Балабақшадағы 85 балаға 23 арнайы маман қызмет көрсетеді. Сонымен қатар АҚШ, Польша, Ресей сынды мемлекеттерден аутизм саласының мамандары келіп тәжірибе алмасып, жергілікті кадрлардың біліктілігін арттырмақ. Орталықтың жұмысы наукас бүлдіршіндерін осы балабақша берген ата-аналардың да көңілінен шығып отыр. Солардың бірі

68, абаттандыру бойынша 15 жоба іске асырылды).

2025 жылға дейін моноқалалардың инфрақұрылымын дамытуға республикалық бюджеттен шамамен 77 млрд теңге мөлшерінде қаражат жоспарланған.

Негізінен, моноқалалардың проблемалары олардың экономикасының әртараптандырылуының төмен дәрежесімен, халықтың жұмыспен қамтылуының қала құрушы кәсіпорынынның даму перспективаларынан жоғары тәуелділігімен, шикізат қорларының азаюымен байланысты болып келеді.

Мұнда шикізат қорының сарқылуына және 400-ге жуық жұмыскердің босатылуына байланысты «Торғай боксит кен басқармасы» қала құраушы кәсіпорнының жабылуы бойынша Арқалық қаласының тәжірибесі мысал бола алады. Бұл ретте өкімдікпен қала құраушы кәсіпорынмен жұмыстан босатылатын қызметкерлерді жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру бойынша Жол картасы іске асырылған. Бұл осы кәсіпорынның жабылуының салдарын барынша жеңілдетуге мүмкіндік берді (қызметкерлердің бір бөлігі кәсіпорынның басқа филиалдарына жұмысқа орналастырылды, біреулері жерді қалтына келтіруге тартылды, басқалары өңірдің кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмысқа орналастырылды және т.б.).

Бүгінгі таңда Арқалық қаласы таза моноқала болып табылмайды және жоспарлы түрде әртараптандырылуда (ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен және қайта өңдеумен байланысты жобалар белсенді дамуда).

Сондай-ақ Степногорск және Саран моноқалалары экономиканы әртараптандыру мен қала құраушы кәсіпорындарға деген тәуелділікті төмендету бойынша мысал бола алады.

Моноқалаларды, жекелеген аумақтарды дамытудың халықаралық тәжірибесін зерделеу әрбір моноқаланың

ерекшелігін ескере отырып, оның негізінде стратегиялық тәсілдер жиынтығын қолдану қажеттігін көрсетеді:

- инвестициялық ахуалды жақсарту есебінен әртараптандыруды ынталандыру;
- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
- адами капиталды қалыптастыру (білім беру, медициналық және басқа да базалық қызметтерді барлық жерде сапалы көрсетуді ұсыну);
- моноқалаларға жеткілікті өкілеттіктер мен ресурстар беру;
- көлік қолжетімділігін кеңейту, агломерацияларға көшу мүмкіндігі есебінен халықтың ұтқырлығын арттыру.

Моноқалаларды дамытудағы басты басымдық адамға беріледі: өмір сүру сапасына — қауіпсіздікке, сапалы білім беру мен денсаулық сақтауға, қалалардың ішінде және арасында дамыған көлік байланысына, тиімді қала құрылысына және жоғары экологиялық стандарттарды қолдауға баса назар аударылатын болады.

Моноқалалардың дамуын талдау (бюджеттік, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық аспектілер) бойынша жұмыстар жалғасуда. Моноқалаларды олардың әлеует деңгейіне сәйкес дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу бұл жұмыстың мақсаты болып табылады.



Қайсар НЫҒМЕТОВ,
Экономикалық зерттеулер институты
АҚ орталығының директоры

Өскемен қаласының тұрғыны Гүлзира Сахитова былай дейді: «Балам дұрыс отыра алмайтын. Бізді тыңдамайтын. Мамандарға көрсеткелі бері баламның бойындағы өзгерістерді байқадым. Ол қазір тыңдауды, әр нәрсеге мұқият қарауды, жан-жағындағы болып жатқан оқиғаларға назар аударуды үйренді. Осындай балабақшаның ашылғанына ризамын. Бірақ бізде балаларын мұндай балабақшаға бере алмай отырған ауылдағы ата-аналар қаншама. Сондықтан ауыл

Өскемен тұрғындарын қуантқан екінші балабақша да мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы бойынша салынды. 140 орынға арналған «Дәрия» балабақшасы 1,5 жылда салынып бітті. Нысан әкімдік пен жеке кәсіпкер, «Орталық Азияның Еуразия қоры» арасындағы үш жақты келісім аясында жүзеге асты. Құрылысына 416 миллион теңге қаржы жұмсалды.

Балалар мен олардың ата-аналары асыға күткен балабақша шағынаудан

ЕРЕКСЕ БАЛАБАҚША ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

балаларына да осындай орталық ашылса, жақсы болар еді».

Арнайы балабақшаның құрылысына қаржы салған жекеменшік кәсіпкер Лилия Мамбурова, болашақта мұндай балабақша санын көбейтуді ойлап отыр. Ол: «Мұндай орталық аутизмге шалдыққан баласы бар отбасылар үшін үлкен



қолдау. Екіншіден, баланың дертінен сауығып, дені сау бүлдіршіндердің қатарына қосылуы үшін мамандар бар күшін салады. Ол үшін ата-аналармен де бірге жұмыс істейміз. Өйткені бұл төзім мен табандылықты қажет ететін коррекциялық әдістің ең жетілген түрі», — дейді.

халқы үшін көптен күткен жаңалық болды. Өйткені бұл аумақта отыз жылдан бері ешқандай балабақша салынбаған екен. Балабақша менгерушісі Мөлдір Жолбарысованың айтуынша, балабақшаның ашылуы шағынаудан тұрғындарын қуанышқа бөлепті. Ол: «Енді ата-аналар балаларын қаланың басқа шетіне апарып жол қиындығын тартпайды. Сондай-ақ қаланың шетіне барып жұмыс істеп жүрген тәрбиешілер де жақын маңға жұмысқа орналасқанына риза», — делі.

Өскеменде ашылған ерекше балабақша алдағы уақытта шығыс өңірінің өзге де аймақтарынан ашылатын болады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында білім беру саласында алдағы жылы балабақшалар санын арттыру мен ерекше балабақшалар салу жоспарланып отыр.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

ҚЫМЫЗ БАЛМҰЗДАҚҚА СҰРАНЫС КӨП

Елімізде балмұздақ өндіру кәсібі дамып келеді. Әсіресе, бие сүтінен балмұздақ жасаушылар көп. Ұлттық бренд болуға лайық өнімді өндіру шығыс өңірінде қолға алынып, көпшіліктің сұранысына ие болды. Қазақтың бал қымызын балмұздаққа айналдырсам деген Айдын Серікқазиннің талпынысын бытыр палатасы қолдап, қайтарымызсыз грант ұсынды.

былтыр еліміз бойынша пандемия жарияланып, біраз кәсіп тұралап қалған кезде де бізде сұраныс болды. Керісінше, өнімді үйге дейін жеткізу қызметін іске қосып, жаңа бағытта дами түстік», — дейді.

Бие сүтінен жасалған балмұздақтың кәдімгі балмұздақтан ерекшелігі көп екен. Оны бізге жас кәсіпкер былай деп түсіндірді: «Қымыздан жасалған балмұздақтың дәмі тәтті дәмге жатпайды. Бірақ кәдімгі балмұздақтан айырмашылығы патент «пайдалы өнімге» берілген. Себебі өнімнің құрамында ешқандай бояу,



Айдын Серікқазин қазір Семейде Qaz Ice деген атаумен бие сүтінен балмұздақ жасап сатады. «Атамекен» палатасы оған гранттан бөлек, құжат жинауға да көмектесіпті. Мамандардың жол көрсетуімен авторлық құқығын рәсімдеп, еліміз бойынша қымыздан жасалатын балмұздақтың патент иесі атаныпты.

Әлем бойынша ең алғаш рет қымыздан балмұздақ жасаған адам германиялық ғалым әрі экономист Гольцман екен. Ол қымыз балмұздақтың ауыз қуысына аса пайдалы екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп шықты. Осыдан бірнеше жыл бұрын Алматыда өткен халықаралық конференцияда қымыздан балмұздақ өндіру технологиясын таныстырған Ганс Гольцман жиында

консервант, дәмдеуіштер қосылмауы керек. Адам ағзасына зияны тиетін заттар да болмауы керек. Осыларды растау үшін құжат дайындауға үш айға жуық уақыт кетті. «Атамекен» палатасы құжаттарымызды толық реттеуге көмектесті, сонымен қатар лицензия алып, экспортқа да шығаратын құжаттарды реттедік», — дейді.

Бүгінде жас кәсіпкер өз өнімін Семейдің үш жерінде сатады. Ал Өскеменде қымыз балмұздақ екі дүкенде сатылады. Өскемендік тұрғын Берік Рахметқалиев Айдыңның Qaz Ice франшизасын пайдаланып, кәсібін дөңгелетіп отыр.

«Еліміз бойынша Qaz Ice балмұздағына авторлық құқық менде. Бәлкім, жасырын жұмыс істеп жатқандар да бар шығар.



қатысушыларды таң-тамаша етті. Жас кәсіпкер Айдын ғалымның осы технологиясын жан-жақты зерттеп, зерделеп, қымыздан балмұздақ өндіру ісін бастап кетеді.

Айдыңның айтуынша, қырғыз елінде қымыздан жасалған балмұздақтың дәмін татқаннан кейін, осы кәсіпті қолға алып, әрі қарай дамытқысы келіпті. Ол: «Көрші елде бие сүтінен жасалған балмұздақ көпшілікке ұнап, тіпті брендке айналыпты. Содан «неге өз елімізде осы кәсіпті дамытпасақ» деген ой келді. 2019 жылы Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжін техник-бағдарламашы мамандығы бойынша аяқтадым. Қымыздан балмұздақ жасаудың жаңа технологиясын жасап, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасына жобамды «Жас кәсіпкер» байқауы бойынша ұсынып көрдім. Бастамам мемлекет тарапынан қолдау тауып, кәсібімді бастауға қаржылай көмек алдым. Алғашқы дүкенімді Семейдегі «Ақ шын» сауда үйінде аштым. Кәсібімді бастағалы қымыздан жасалған балмұздаққа деген сұраныс азайған жоқ. Тіпті

Дегенмен жылдың соңына дейін Семейдің біраз аудандарын қамтып, дүкен ашып, ірі сауда орындарына шықсақ деген мақсатым бар. Біз бүгінде балмұздақтың үш түрін өндіреміз. Қымыз балмұздақ, саумал балмұздақ, қымыз-шоколад балмұздағы. Болашақта қымыз бен саумалға жеміс-жидек қоспақшымыз. Біздегі бір балмұздақ бағасы — 300 теңге. Бір домалақта 100 грамм өнім бар. Одан көбірек алғыс келетіндер келілеп ала алады. Одан бөлек, тапсырысқа да жұмыс істейміз. Өнімді арнайы ыдысқа салып, кез келген мекенжай бойынша жеткізіп бере аламыз. Қандай да тәтті өнімнің тұтынушысы балалар ғой. Ал балаларға қымызды сүйік күйінде ішкізе алмайсың. Балмұздақ түріндегісінен балалар бас тартпайды», — дейді Айдын.

Жас кәсіпкер бүгінде 8 адамды жұмыспен қамтып отыр. Кәсібін кеңейтсе, жұмыс орына да көбейе түседі. Ол болашақта балмұздақ дәмін көбейтіп, жаңа өнімнің түрін шығармақ.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

(Суретті ұсынған Шығыс Қазақстан облысының баспасөз қызметі)

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік

Қазіргі таңда мемлекетті жан-жақты дамытудың түрлі жолдары қарастырылған. Іске асып, ел игілігіне жарап жатқан жобалар да көбеюде. Айталық, осындай жаңашылдықтың үлгісі ретінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті (МЖӘ) айтуға болады. Бұл – мемлекеттік серіктес пен жекеше серіктестің бірлесе отырып, үлкен жобаларды жүзеге асыруы. Бір ескеретіні, тек мемлекет рұқсат еткен нысандар ғана салынады. Мысалы: білім беру нысандарын салу және пайдалану (балабақша, мектеп, студенттер жатақханасы), мектеп асханаларын жаңғырту, медициналық ұйымдарды салу және пайдалану, спорт ғимараттарын салу және пайдалану секілді жобалар басты назарда. Екі жақты келісімшарт барысында қос серіктес өзара тиімді шешімге келеді.

Елімізде мұндай жобалардың саны күннен-күнге артуда. Сондай нысандардың бірі – Нұр-Сұлтан қаласында бой көтерген BINOM мектебі. ВІ Group құрылыс холдингі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі арасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі бойынша келісімшартқа қол қойылған. Келісімшарт бойынша, құрылыс холдингі МЖӘ объектісін салуды және пайдалануды жүзеге асырады. Кейін шарттың талаптарына сәйкес, мектеп Нұр-Сұлтан

жетілдірген оқытушылар да жоқ емес. Әрине, МЖС арқылы салынған мектеп болғандықтан, халықтың көңілінен шығары күмәнсіз. Ел экономикасының өркендеуіне бағытталған жобалардың саны жетерлік. Сол тізімде МЖӘ-ның да алар орны ерекше. Жана салынған мектеп болсын, құрылысы жаңғырған балабақша ма, түбі ел игілігі үшін атқарылып жатқан іс екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан мемлекеттік-жекеменшік әріптестік елдің дамуы барысында айтарлықтай маңызға ие. Әсіресе, білім беру саласын өзге жобалардан оқ бойы озып тұр. Бұл туралы «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Матаев «МЖӘ білім беру саласында белсенді дамып келеді. Мысалы, 01.06.2020 ж. жасалған 786 МЖӘ шартының 56 пайызы немесе 437 бірлігі осы салаға тиесілі. Шамамен 115



млрд тенгеге келісімшарттар жасалды. Білім беру саласындағы МЖӘ жобаларының жартысынан астамы мектепке дейінгі ұйымдар. Бүгінгі таңда 70 млрд тенгеге 240 МЖӘ шарты жасалды. Осы жобалар шеңберінде жана құрылыс, мектепке дейінгі мекемелерді қалпына келтіру, жаңғырту және пайдалануға беру жұмыстары жүргізілді. МЖӘ сенімгерлік басқаруға беру, жалдау

BINOM МЕКТЕБІ – ӘРІПТЕСТІК ҮЛГІСІ



қаласының мемлекеттік коммуналдық меншігіне көшеді. Еліміздегі ең үлкен құрылыс компаниясының бірімен жасалған мұндай келісімшарттың мемлекет үшін де пайдасы зор. Себебі миллиардтаған шығындар инвестордың есебінен жұмсалады. Өз кезегінде BINOM SCHOOL – заманауи үлгіде құрылысын аяқтаған мектептердің бірі. «Оқушыларға



интеллектуалдық, физикалық және психологиялық, әдеби-эстетикалық бағытта қосымша білім беретін, материалдық-техникалық жағынан толықтай жабдықталған мектеп. Мұнда білім беру жүйесін цифрландыруға да аса мән берілуде. Бұл қолайлы жағдай мектеп ұстаздарын қағазбастылықтан құтқаруға, Digital технологиясын қолдану арқылы әр сабақты қызықты етіп өткізуге мүмкіндік береді», – дейді мектеп өкілдері.

Елордада дәл осындай төрт мектеп жұмыс істеп тұр. Мектепте оқу әр қазақстандық үшін тегін. Десе де, қарапайым мектептерден деңгейі жоғары деуге әбден болады. Өйткені мұғалімдерді жұмысқа алу үшін байқау



өткізіп, іріктеуден өткен мамандар ғана жана мектептің қызметкері атанады. Бағы жанғандардың арасында 3-4 тілде еркін сөйлейтіндер, республикалық жобалардың жеңімпаздары, әдістемелік құралдар мен ғылыми жобалардың авторлары, шәкірттері республикалық пән олимпиадасының жеңімпазы атанған, өнімді «Жыл мұғалімі» байқауының бас жүлдесін жеңіп алған ұстаздар бар. «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білімін

және т. б. форматтарда жүзеге асырылды. Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, 2019 жылы 3-6 жастағы балаларды қамту 98,5 пайызға жеткен. Дегенмен Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында, Алматы облысында және басқа да бірқатар өңірде көші-қонның жоғары болуына, демографиялық өсімге байланысты мектепке дейінгі ұйымдарға қажеттілік сақталып отыр. Сондықтан 2020-2025 жылдарға арналған «ҚР білім мен ғылымды дамытудың жана мемлекеттік бағдарламасында» МЖӘ мен жан басына қаржыландыру тетігі есебінен мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептер желісін одан әрі кеңейту қарастырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жұмысы жалғастырылады. 2025 жылға қарай 1 жасан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту үлесін 85,3 пайызға дейін жеткізу жоспарлануда. Бұл көрсеткішке қарап мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің пайдасы орасан зор екенін аңғарамыз. BINOM мектебі астанадағы МЖӘ арқылы салынған соңғы мектеп емес.



Бұған дәлел Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің мәслихаттың кезектен тыс сессиясында келтірген дерегі. «Біз бәрін бюджет есебінен сала алмаймыз. Біз жеке инвестициялар үшін де, МЖӘ тетігі үшін де жағдай жасауға тиіспіз. 2019 жылы біз 6 мектеп салдық, 2020 жылы 11 мектеп, 2021 жылы 40 мың оқушы орнын қамтамасыз ете отырып, екі ауысымда оқытатын 15 мектеп салдық. 2020 жылдың қорытындысы бойынша біз үш ауысымды мектептердің санын 2 есеге – 8-ден 4-ке дейін, ал толып кеткен мектептерді 22-ден 14-ке дейін төмендеттік», – дейді Алтай Көлгінов. Осындай көрсеткішке қарап аталған бағдарламаға қарсы сөз айту да қиын.

Бүгінгі күні іске асып жатқан түрлі жобалардың барлығы дерлік халық үшін, елдің экономикасы үшін жүзеге асырылып жатыр. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік те осындай айтулы бағдарламалардың бірі. Сондықтан ірі компаниялар мен жеке инвесторлардың осы тұста аянып қалмасы анық.

Мәулен ЖЕКСЕНЫ

«Бастау бизнес»

Қазір қазақ қыздарының отбасын асырау үшін көз көлген кәсіп, түрлі мамандықты меңгеріп, қиындықпен күресте табандылық танытатынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Әңір базарларында сауданың көрігін қыздырып жүргендер де қыз-келіншектер. Әсіресе, «Бастау

бизнес» жобасы аясында курстарды бітіріп, кәсіпкерлік негізін қалап, өз арманын жүзеге асырып, ауылдастарын жұмыспен қамтып, кәсіпкерліктің өркенін өсіріп отырғандар да аз емес. Жастардың арасынан да кәсіптенуге ниеттенгендер қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Солардың бірі – Жаркент қаласында тұратын тігінші Гүлжан Шеріпбекова.

ТІГІНШІ ҚЫЗ

Кентау қаласының тумасы Гүлжанның алғашқы мамандығы сарапшы-бағалаушы болатын. Ол туған қаласындағы жекеменшік тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорнында еңбек етті. Содан соң табысты жұмыс іздеп Алматы қаласына келді. Оңтүстік астанадан қолайлы кәсіп таппады.

Гүлжан Серікқызы: «Мені ата-анам бала кезімнен істі тиянақты тындыруға үйретті. Сондықтан қайда жүрсем де, кез келген жұмысты ыждаһатпен атқардым. 2012 жылы жаркенттік жігітпен танысып, тұрмыс құрдым. Міне, он жылдан бері аудан орталығында тұрып келеміз. Бірге үш бала өсіріп отырмыз. Отағасының талабымен біраз жыл жұмыс істеген жоқпын. Балаларды өсірдім, қарт енемді күттім. 2019 жылы май құю бекетіне жұмысқа тұрдым. Бір жылдан кейін «Бастау бизнес» бағдарламасы туралы естідім. Отбасыммен ақылдасып, осы бағдарламаға қатысуға бел байладым. Бұл менің көптен бергі арманымды жүзеге асыруға жол ашты», – дейді.

Бастапқыда курстағы кондитерлік мамандықты таңдамақ болды. Өйткені тәтті пісіруді бұрыннан жаны жақсы көретін. Ойлана келе, бала кезден киім тігуге икемі барын ескеріп, осы кәсіпті игеруді жөн көрді. Оның бизнес

жоспары мақұлданып, Үкіметтен бөлінген 500 мың теңгеден астам қаржы қолына тиісімен тігін машинасын, киім пішетін үстел, тағы басқа қажет заттарды сатып алып, іске кірісті. Гүлжан тігіншілікте алғашқы сәттен өз қолтаңбасын жасауға талпынды. Тек киіммен шектелмей, құрақ көрпе тігіп, ұлттық бас киімдер, қазақы ою-өрнекпен киім сәндеуді қолға алды. Осындай талпыныс тігіншіге табыс әкеле бастады.

Бүгінде Гүлжанның үйінен кісі аяғы үзілмейді. Біреуі көрпе, енді бірі терезеге перде, тағы бірі басқа да тұрмыстық бұйымдар тіктіреді. Ауылдастары қыз жасауына, жас отауға керекті бұйымдардың түр-түріне тапсырыс береді. Тұтынушылары көбейген сайын оның жұмыс жүктемесі де арта түсті. Табыс мәлшерін айтпағанымен, кірісі еселеніп, күнделікті тұрмыстық қажеттілік пен керекті материалға жұмсайтын қаражатының артық бөлігін үнемдеп, болашақта өз тігін цехын, сән салонын ашуды ойластыруда.

– Алдағы күнге іштей құрған жоспарларым бар. Арман-тілектің



тоқтаусыз жүзеге асуы үшін сапалы жұмыстармен тұтынушыларымды көбейте беруім керек. «Бастау бизнестің» қолдауымен өз ісімді аштым, енді соны өрістетуге тек өзіме байланысты. Мақсатқа қол жеткізу үшін тынбай еңбек ету керек, – дейді.

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Панфилов аудандық өңірлік филиалы өкілдерінің айтуынша, өткен жылы Жаркент өңірінде 127 жас кәсіпкерлікке, бизнеске оқытылды, солардың арасынан 59 адам арнайы грантка ие болып, тағы үшеуі «Ауыл шаруашылығын қолдау қорынан» жеңілдетілген несие алған. Биыл тағы 210 жас бизнес бастауды оқып жатыр.

Шағын бизнес

КӘСІПКЕР АНАЛАР

Кез көлген адамды тәрбиелеп, жігерлендіретін, күш беріп, қуантатын, бақытты етіп, болашаққа батыл қарататын, ширатып, шынықтыратын нәрсе адал еңбек.

Қазіргі таңда маңдай терімен ас табуға ниеттенген жандарға мемлекет тарапынан да көп қолдау көрсетіліп жатқаны жасырын емес. Алайда сол көмекті ұқсата білудің өзі де өнер. Ондай жандар арамдызда өте көп. Сол қатарда көпбалалы Гүлнар Молдағашева мен Сандұғаш Қасымова мемлекет қолдауына ие болып, Үштөбе қаласының орталығындағы сән салонында шаштараз болып еңбек етіп, нәпақа тауып жүр.

Қос маман нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жана бизнес-идеяларды іске асыру үшін 583400 теңге көлемінде мемлекеттік грант алып, кәсіпке қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде мемлекет есебінен кәсіптік мамандықты үйрететін тегін курс оқыды.

Гүлнар Нұрбосынқызы Талдықорған қаласындағы кәсіби білім беру орталығында «Шаштараз өнері» курсы бойынша оқып, «Шебер шаштараз» атану үшін қажетті біліктілігін көрсетті. Гүлнар ері Амантай Молдағашевпен



бірге 2012 жылы Матайдан Үштөбеге көшіп келген. Отағасы жол жөндеу кәсіпорнында тракторшы болып жұмыс істейді. Көп жылдар бойы бала күтімімен отырған Гүлнар Молдағашева сүйікті ісімен айналысып жатқанына дән риза.

– 2019 жылы «Қаратал аудандық жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесі арқылы Талдықорған қаласынан 3 ай шаштараз курсы оқып, қараша айында арнайы сертификат алдым. Біраз уақыт кәсіби мамандардан тәжірибеден өттім. Грант алған соң құрал-жабдық алып, жұмысты биыл көктемде бастап кеттік. Мемлекет тарапынан берілген

қайтарымсыз қаржыға шаштаразға қажетті шаш қию машинкасын, фен, кайшы, тарақ, орамал секілді құрал-жабдықтар сатып алдық. Бұған дейін оқуға мүмкіндік болмаған еді. Мектепті аяқтаған соң тұрмыс құрып, бала бақтым. Қазір үлкен балам 11-сыныпта, кішкентайым 1-сыныпта оқиды. Балалар өскен соң жұмыс істегім келді. Жұмысым өзіме ұнайды. Көпбалалы аналарға осындай көмек көрсетіп, грант беріп, кәсіп ашуға жағдай туғызып отырған мемлекетімізге рақмет, – дейді Гүлнар Молдағашева.

Көпбалалы ана Сандұғаш Қасымова Ұмтыл ауылында тұрады. Семей қаласындағы орта мектепті аяқтаған соң Қаратал ауданына келеді. Ауданымыздың азаматы Рева Өтелбаевпен тұрмыс құрып, 5 баланы дүниеге әкеледі. Қазір отағасы Рева әскери бөлімде қызмет атқарады. Сандұғаш көпбалалы аналарға мемлекет тарапынан өз кәсібін ашу үшін қайтарымсыз қаражат беріліп, кәсіптік оқуға жіберіліп жатқаны жайлы естиді. Сөйтіп 2018 жылы Талдықорған қаласында шаштараз оқуын аяқтап, кәсібін ашу үшін мемлекеттен 500 мың теңгеден астам грант алады.

– Өзіме шаштараз мамандығы ұнағаннан кейін соны оқыдым. Үкіметке рақмет, көпбалалы ана болсақ та көмектесіп, оқуға жіберіп, жұмыс істеуге мүмкіндік беріп отыр. Мектеп бітірген соң тұрмыс құрып, балаға қарап, еш жерде жұмыс істемедім. Алғаға шүкір, балаларымды өсіріп жеткізген соң отбасы табысын арттыру мақсатында еңбек етіп жатырмын. Тәубе, табысымыз да жаман емес. Қазір өз тұтынушыларымыз бар. Күн сайынғы табысымыз бір отбасын емін-



еркін асырауға жетіп жатыр. Алдағы уақытта кәсібімізді кеңейтіп, қосымша адамдарды жұмысқа тартып, шәкірттер тәрбиелеумен де айналыссақ деген ойдамыз, – деп ағынан жарылады көпбалалы ана, кәсіпкер Сандұғаш Мырзахметқызы.

Иә, мемлекет көмегімен кәсіп үйреніп, нәсібін теріп жүрген көпбалалы аналар ешкімге алақан жаймай, өз күнін өздері көріп отыр. «Еңбек түбі – береке» демекші, маңдай терімен, адал еңбегімен нан тауып жүрген аналардың ісі көпке үлгі.

Қажет АНДАС, Алматы облысы



Журналист һәм суретші. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Көркем академиясының академигі. 40-тан аса халықаралық және республикалық көрме, симпозиумдардың тұрақты мүшесі. Туындылары Қытай, Ресей, Түркия, Венгрия және тағы басқа елдердің жеке коллекцияларында сақталған.



Біз қос қаламды да қолынан тастамай, қатар алып жүрген Сейсенхан Маханбет туралы айтып отырмыз.

«Ұлы дала дастаны»



Алматы. Көрмеден көрініс. 2 шілде, 2021 жыл



Жалаңтос Баһадүр

игі істің бастамасы болар» деген үмітін жасырмалды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған көрме өзге өңірлерді де аралап, ең ақырында Нұр-Сұлтанда салтанатты түрде өз жұмысын аяқтайды.

Сейсенхан Орынбекұлының білікті журналист екенін, көптеген діни басылымдардың жарық көруіне атсалысқанын көпшілік біледі. Ең алғаш республикалық «Иман» діни-танымдық газетін, одан кейін «Ислам әлемі», «Ислам және өркениет», «Қазақстан өнері

Сейсенхан Орынбекұлы Маханбет биыл 60 жасқа толды. Тума талантын еңбеккорлықпен ұштастырған дара тұлғаның мерейтойы Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келді. Туған өлкесі Түркістанда соған орай көрмесі ұйымдастырылды. Мұнда шебердің қолынан шыққан 60-қа жуық туындысы қойылды. Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен «Ұлы дала дастаны» кітап-альбомы жарық көргені өз алдына.

Шілде айының басында «Ұлы дала дастаны» көрмесі Алматыда өтті. Ашылу салтанатында сөз алған Сейсенхан Маханбет өзіне қолдау көрсеткендерге ыстық ілтипатын білдіріп: «Бейнелеу өнеріне бұған дейінгі көзқарас солғын еді. Жағдай енді-енді түзеліп келеді. Бұл



Елорда кеші



Наурыз



Шапыраштының анасы — Жұпар ханым



Шәмші

— Искусство Казахстана» сияқты газет-журналдарды дүниеге келтіріп, олардың бас редакторы болды.

Ал суретші ретінде Сейсенхан Маханбет туған елдің тарихын, өсем табиғатын бояу тілімен жеткізе білді.

Алматыда өткен көрмеде сөз алған белгілі журналист, «Ана тілі» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай ағамыз айтпақшы, ол суреттерді көзбен көру керек.

Нәргүл МЫРЗАХМЕТ



Шарыдағы кездесу



БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз, дизайн, тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Солардың бірі – Захра Маханова. Бұл жолы Захра өзі жұмыс істейтін «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» ұйымдастырған «Жас кітапханашылардың III слеті туралы» ақпаратын ұсынды.

♦ КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Жас кітапханашылардың слеті өтті

Жуырда «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ «Тәуелсіздікке 30 жыл: «ЗНКААРҚ» РММ және аймақтағы арнайы кітапханалардың даму жолдары» атты ҚР арнайы кітапханалары Жас кітапханашыларының III слетін өткізді.

Слет онлайн форматта Zoom платформасында ұйымдастырылды. Екі күнге жоспарланған басқосу аясында келесі шаралар өткізілді: «Арнайы кітапханалардың дамуындағы жаңа үрдістер» тақырыбында Халықаралық онлайн конференция. Еліміздегі арнайы кітапханалардың жас мамандарына арналған «Ақпараттық қоғам және мүмкіндігі шектеулі азаматтар: халықаралық құқықта, заңнамада және тәжірибеде интернет-контенттің қолжетімділігі» халықаралық онлайн вебинары.

Слет шеңберіндегі шараға республикамыздағы 17 арнайы республикалық, облыстық, қалалық кітапханалары мен



кітапхана бөлімдерінің басшылары және жас кітапханашылары, Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларындағы, Беларусь, Башқұртстан, Татарстан, Саха мемлекеттеріндегі және Қырғызстандағы зағип жандарға арналған арнайы кітапхана қызметкерлері, жоғары оқу орындарындағы кітапханалар мен бейресми ұйымдардың өкілдері қатысты.

Захра МАХАНОВА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



Бельгияда Фараби орталығы ашылады

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев Таяу Шығыс мәселелері бойынша сарапшы-маман, саясаттанушы, тарихшы, «Eobserver» интернет-басылымының бас редакторы Курт Дибовпен кездесті.

Әңгіме барысында ректор оқу орны тарихына тоқталып, ҚазҰУ-дың ұлы философ-ғалым Әбу Насыр әл Фараби есімімен аталатын әлемдегі бірден-бір университет екенін атап өтті. «Бұл біз үшін ерекше мақтанш әрі үлкен жауапкершілік. Ұлы ойшыл заманынан бері II ғасыр өтсе де, Әл Фараби ілімі бүгінгі қоғамда да мәні мен мағынасын жойған жоқ» дей келе, ректор ғұлама ғалымның еңбектерін жан-жақты зерттеу, талдау, кейінгі жастарға насихаттау бағытында атқарылып жатқан ауқымды шараларды тілге тиек етті.

Әңгіме барысында ректор оқу орны тарихына тоқталып, ҚазҰУ-дың ұлы философ-ғалым Әбу Насыр әл Фараби есімімен аталатын әлемдегі бірден-бір университет екенін атап өтті. «Бұл біз үшін ерекше мақтанш әрі үлкен жауапкершілік. Ұлы ойшыл заманынан бері II ғасыр өтсе де, Әл Фараби ілімі бүгінгі қоғамда да мәні мен мағынасын жойған жоқ» дей келе, ректор ғұлама ғалымның еңбектерін жан-жақты зерттеу, талдау, кейінгі жастарға насихаттау бағытында атқарылып жатқан ауқымды шараларды тілге тиек етті.



Университетте 1993 жылы құрылған Әл Фараби орталығы фарабитану мен жалпы қазақстандық ғылымның дамуына қомақты үлес қосып келеді. Орталық жыл өткен сайын шетелдік зерттеу орталықтарымен байланысты нығайтып, Фараби мұраларын түпнұсқа – араб тілінен қазақ тіліне аударып, арнайы кітаптар шығаруда. Әбу Насыр әл Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойына орай, әлем ғалымдарының қатысуымен конференциялар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ университет басшысы ҚазҰУ базасында халықаралық фарабитанушылар орталығын құру жоспарланғанын хабарлап, өзара ынтымақтастыққа шақырды.

Философия докторы, белгілі тарихшы-арабтанушы Курт Дибов өз кезегінде Әбу Насыр әл Фараби еңбектерін бірлесіп зерттеуге үлкен ықылас танытты. Таяу Шығыстағы қактығыстар тақырыбына көптеген макалалар мен кітаптар арнаған сарапшы-маман Қазақстанның жетекші университетінің ғалымдарымен ынтымақтастыққа аса мүдделі екенін жеткізді.



Кездесуде тараптар Бельгияда Әл Фараби орталығын ашу мен тиімді әріптестіктің маңызды сұрақтарын талқылап, алдағы нақты қадамдарды анықтады. Университет басшысы сөз соңында шетелдік қонақтың зерттеу жұмыстарына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

ҚазҰУ-ға сапары аясында Курт Дибов Әл Фараби мұражайы мен кітапханасының сирек кітаптар қорын аралап, университет кампусымен танысты. Сонымен қатар Әл Фараби орталығында Қазақстанның жетекші фарабитанушылары және философтарымен жүздесті.

Басқосуда философия және саясаттану факультетінің деканы, Әл Фараби орталығының директоры Бекжан Мейірбаев, философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Әлтаев, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ҚР БҒМ ғылым комитеті философия, саясаттану және дінтану институтының профессоры Наталья Сейітахметова мен ғылыми қызметкері Ғалия Құрманғалиева, ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі Айнұр Құрманғалиева сынды белгілі ғалымдар қатысты. Мамандар отандық фарабитану саласының жоғары жетістіктерімен бөлісіп, болашақтағы міндеттер жайлы кеңінен сөз қозғалды.

(Өз тілшіміз)

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміз

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Бөгембай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2278;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ал-Астана» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VP00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.